Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ЕМДЕУ-САУЫҚТЫРУ МЕКЕМЕЛЕРІ

ЛЕЧЕБНО-ПРОФИЛАКТИЧЕСКИЕ УЧРЕЖДЕНИЯ

ҚР ҚН 3.02-13-2014*
СН РК 3.02-13-2014*

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Нұр-Сұлтан
2023

ҚР ҚН 3.02-13-2014*
СН РК 3.02-13-2014*

АЛҒЫ СӨЗ

1	**ӘЗІРЛЕГЕН:**	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ИННОБИЛД» ЖШС
2	**ҰСЫНҒАН:**	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3	**БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:**	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2018 жылғы 15 қарашадағы №235-НҚ және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2019 жылғы 27 қарашадағы №194-НҚ, 2021 жылғы 9 шілде №98-НҚ және 2023 жылғы 12 сәуірдегі №62-НҚ бұйрықтарына сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді

ПРЕДИСЛОВИЕ

1	**РАЗРАБОТАН:**	АО «КазНИИСА», ТОО «ИННОБИЛД»
2	**ПРЕДСТАВЛЕН:**	Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
3	**УТВЕРЖДЕН (ы) И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:**	Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

Внесены изменения и дополнения в соответствии с приказами Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 15 ноября 2018 года №235-НҚ и Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 27 ноября 2019 года №194-НҚ, от 09 июля 2021 года №98-НҚ и от 12 апреля 2023 года №62-НҚ.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ V
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ 1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР 3
4 МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР 4
4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты 4
4.2 Функционалдық талаптар 4
5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР 5
5.1 Негізгі ережелер 5
5.2 Ғимараттардың сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша қойылатын талаптар 5
5.3 Өртке қарсы талаптар 6
5.4 Пайдалану барысында адамдардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету бойынша талаптар 8
5.4.1 Учаскені орналастыруға, аумақтарды ұйымдастыруға және қауіпсіздікке қойылатын талаптар 8
5.4.2 Сәулет-жоспарлау және конструктивтік шешімдерге қойылатын талаптар 10
5.4.3 Үй-жайларды ішкі әрлеу 12
5.4.4 Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар 13
5.4.4.1 Учаскені орналастыруға, аумақтарды ұйымдастыруға және қауіпсіздікке қойылатын талаптар 13
5.4.4.2 Балаларға арналған амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар 14
5.4.4.3 Әйелдер консультациясы 15
5.4.4.4 Дәрігер амбулаториясы, фельдшер-акушерлік пункттер, медициналық пункт 15
5.4.5 Стационарлық көмек көрсететін ұйымдар 16
5.4.5.1 Стационарларға қойылатын жалпы талаптар 16
5.4.5.2 Қабылдау бөлімдері, мамандандырылған бокстар, травматологиялық пункттер 16
5.4.5.3 Стационар бөлімдері 17
5.4.5.4 Перинаталдық орталық, перзентханалар және босану бөлімдері 19
5.4.5.5 Операциялық блоктар 20
5.4.5.6 Анестезиология және реанимация, реанимация және қарқынды терапия бөлімдері 21
5.4.6 Мамандандырылған емдеу-диагностикалық бөлімшелер (үй-жайлар) 21
5.4.7 Жедел медициналық көмекті пен санитарлық авиацияны ұйымдастыру 27
5.4.8 Қан орталығы 28

5.4.9 Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың (медициналық ұйымдар үшін) айналысы саласындағы объектілер 29
5.4.10 Балалар сүт асханалары, сүт асханаларының үлестіру пункттері 30
5.4.11 Медициналық газдар, вакуум желісінің және сығылған ауа құбырлары 30
5.4.12 Қоқыстарды, қалдықтарды жою және шаңды тазалау 31
5.4.13 Крематорияларға қойылатын талаптар 32
5.5 Инженерлік қондырғылар 33
5.5.1 Сумен қамту және канализация 33
5.5.2 Жылумен қамту 35
5.5.3 Жылыту 35
5.5.4 Желдету және ауа баптау 36
5.5.5 Газбен қамту 37
5.5.6 Электр техникалық құрылғылар 38
5.5.7 Әлсіз токты желілер 39
5.6 Азаматтық қорғаныс бойынша инженерлік-техникалық шаралар және төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша шаралар 40
5.7 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша талаптар 40
5.8 Қоршаған ортаны қорғау және санитарлық-гигиеналық талаптар 41
6 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР 43
6.1 Энергия тұтынуды азайту бойынша талаптар 43
6.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану 43

КІРІСПЕ

Осы құжат Қазақстан Республикасы құрылыс саласының нормативтік базасын реформалау шегінде әзірленді және техникалық реттеудің озық жүйесін жасауға бағытталған.

Осы құрылыс нормасында:

- нормативтік талаптардың мақсаты;
- функционалдық талаптар;
- жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптар бар.

Осы «Емдеу-сауықтыру мекемелері» құрылыс нормалары «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің дәлелдемелік базасына кіретін нормативтік құжаттардың бірі болып табылады және құрылыс саласындағы техникалық кедергілерді жоюға бағытталған.

Осы құрылыс нормалары Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын құрылыстағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкес әзірленген.

Осы құрылыс нормаларының талаптарын орындаудың қолайлы шешімі мен параметрлері ҚР ЕЖ «Емдеу-сауықтыру мекемелері» келтірілген.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ЕМДЕУ-САУЫҚТЫРУ МЕКЕМЕЛЕРІ

ЛЕЧЕБНО-ПРОФИЛАКТИЧЕСКИЕ УЧРЕЖДЕНИЯ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы құрылыс нормалары ғимараттар мен үй-жайлар аумағына, көлемдік-жоспарлық және конструктивтік шешімдеріне, емдеу-профилактикалық мекемелерінің инженерлік қамтамасыз етілуіне, емдеу-профилактикалық мекемелерінің өрт қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды белгілейді.

1.2 Осы құрылыс нормалары жаңадан салынатын және реконструкцияланатын амбулаториялық-емханалық және стационарлық көмек, жедел медициналық көмек және санитарлық авиациялық көмек көрсететін, қалпына келтіру емдеуі және қан қызметі, сот медицинасы және патологиялық анатомия саласындағы қызметті жүзеге асыратын медициналық оңалту ғимараттары мен үй-жайларын, сондай-ақ фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарын жобалауға таратылады.

Ескертпе – Денсаулық сақтау ұйымдарының топтарына берілген сілтемелерді сәйкестендіру мақсатында осы құрылыс нормаларының мәтінінде бір немесе бірнеше денсаулық сақтау ұйымдары «Емдеу-профилактикалық мекемелері» терминімен біріктірілген.

1.3 Осы құрылыс нормаларының талаптары:

- паллиативті көмек және медбикелік күтім көрсететін ұйымдарға;
- үй-интернаттарға арналған қабылдау-карантин бөлімдерінің үй-жайларына;
- емдеу стационарларының құрамына кіретін оқу үй-жайларына;
- клиникалық кафедралар оқу үй-жайларына таратылмайды.

2* НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құрылыс нормаларын қолдану үшін мынадай нормативтік құжаттар қажет:

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 19 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 қарашадағы № 1202 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

ҚР ҚН 3.02-13-2014*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 876 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 191 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал, терроризмге қарсы объектілерді қорғау жүйесіне қойылатын талаптар.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын орнату қағидалары.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 қарашадағы № 1111 бұйрығымен бекітілген «Ғимараттарда, бөлмелер мен құрылыстарда өрт кезінде адамдарды ақпараттандыру және эвакуациялауды басқару автоматтандырылған өрт белгілері мен автоматтандырылған өрт сөндіру жүйелерімен жабдықтау бойынша талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 439 бұйрығымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 232 бұйрығымен бекітілген «Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 31 мамырдағы № 357 бұйрығымен бекітілген «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 23 сәуірдегі № 186 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 23 сәуірдегі № 187 бұйрығымен бекітілген «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары.

ҚР ҚН 1.02-02-2013 Құрылысқа арналған инженерлік іздестірулер. Сейсмикалық шағын аудандастыру. Жалпы ережелер.

ҚР ҚН 1.02-03-2011 Құрылыстың жобалық құжаттамасын әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі мен құрамы.

ҚР ҚН 2.02-02-2012 Ғимараттар мен имараттардың өрттік автоматикасы.

ҚР ҚН 2.03-01-2011 Аймақтарда және отырмалы топырақтарда орналасқан ғимараттар мен имараттар.

ҚР ҚН 2.04-01-2011 Табиғи және жасанды жарықтандыру.

ҚР ҚН 2.04-02-2011 Шудан қорғау.

ҚР ҚН 3.01-01-2013 Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу.

ҚР ҚН 3.02-08-2013 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар.

ҚР ҚН 3.02-18-2013 Жабық спорт залдары.

ҚР ҚН 3.02-21-2011 Қоғамдық тамақтану объектілері.

ҚР ҚН 3.02-36-2012 Едендер.

ҚР ҚН 3.03-19-2013 Аэродромдар.

ҚР ҚН 3.06-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың қимылы шектеулі топтар үшін қолжетімділігі.

ҚР ҚН 4.01-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ҚН 4.01-03-2013 Сумен жабдықтау мен кәріздің сыртқы желілері мен имараттары.

ҚР ҚН 4.02-01-2011 Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу.

ҚР ҚН 5.01-02-2013 Ғимараттар мен имараттардың негіздері.

Ескертпе - Осы мемлекеттік нормативті пайдалану кезінде жыл сайын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша жасалған және ай сайын шығарылатын ақпараттық бюллетень-журналына сәйкес келетін «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізбесі» ақпараттық каталог бойынша сілтемелік құжаттардың қолданылуын тексерген жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы нормативті пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алған жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме жасалған ереже, сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық)

3* ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құрылыс нормаларында тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады ***(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық)*:**

3.1 Тікұшақ алаңы: Жер теліміндегі арнайы алаң немесе тікұшақтардың келуіне, ұшуына және қозғалуына толықтай немесе жартылай арналған құрылыс.

3.2 Бокс (бокс үй-жайы): Науқастың сырттан келуіне арналған жеке есігі бар үй-жай. Оның құрамына палата, санитарлық торап, ванна және шлюз кіреді.

3.3 Барокамера: Атмосфералық қысымға қарағанда, ішінде үлкен (гипербарикалық барокамералар) немесе кіші (гипобарикалық барокамералар) қысым жасауға арналған камера немесе үй-жай.

3.4 Ауруханаңың рекреациялық аймағы: Демалу орындарын ұйымдастыруға арналған және адамға оң физикалық, психикалық және гигиеналық әсер беретін функционалдық аймақ.

3.5 Санитарлық авиация: Көлік қолжетімділігі нашар немесе медициналық мекеме өте қашық жағдайда, жедел медициналық көмек көрсетуге, сондай-ақ оны оның жағдайының ауырлығы талап ететін науқастар мен зардап шегушілерді дереу тасымалдауға арналған авиация.

3.6 Шлюз: Палата, бөлімше және жалпы дәліз арасындағы үй-жай бөлігі.

3.7 Қабылдау бөлімі: Науқастарды жоспарлық және жедел қабылдауды, оларды іріктеу және тиісті бөлімдерге жіберуді қамтамасыз ететін емдеу-профилактикалық мекеменің құрылымдық бөлімшесі.

3.10 Стандартталған пациент: Бұл дағдыларды бағалауға тартылған науқасты шынайы бейнелеуге үйретілген жеке тұлға (оның шағымдарын көбейту, психоэмоционалды жағдай, белгілі бір клиникалық жағдайды үлкен сенімділікпен сахналауға қабілетті). ***(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 12.04.2023 ж. №62-НҚ бұйрық)***

3.11 Дебрифинг: Талдау, симуляциялық жаттығуды орындау барысында қатысушылардың алған тәжірибесін талдау. ***(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 12.04.2023 ж. №62-НҚ бұйрық)***

3.12 Виртуалды шындық: Бұл морфологияны, ауруды, физиологиялық жағдайды, диагностикалық манипуляцияны немесе хирургиялық араласуды имитациялайтын компьютерлік модель, бұл студенттерге виртуалды тренажердегі іс-әрекеттерінің нәтижелері туралы визуалды, дыбыстық, тактильді және эмоционалды ақпарат алуға мүмкіндік береді. ***(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 12.04.2023 ж. №62-НҚ бұйрық)***

4 МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР

4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты

Осы құрылыс нормаларының нормативтік талаптарының мақсаты адамдардың өмірін, денсаулығын қорғау мақсатында емдеу-профилактикалық мекемелерінің ұйымдарын ұйымдастыру қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ өрт, санитарлық-гигиеналық, эргономиялық талаптарды, конструкциялардың сенімділігі мен орнықтылығын, қоршаған ортаны қорғауды, энергетикалық тиімділікті, ресурсты үнемдеуді ескере отырып, адамдарды емдеу, олардың келуі үшін барлық қажетті үй-жаймен қамтамасыз етілген емдеу-профилактикалық мекемелерін жобалау мен салу болып табылады.

4.2 Функционалдық талаптар

4.2.1 Емдеу-профилактикалық мекемелері, оның элементтері, негіздері және көтергіш конструкциялар құрылыс, реконструкция немесе пайдалану кезінде сыналуы мүмкін болжамдық әсерлер тіркесіміне төзімді болуы тиіс.

4.2.2 Емдеу-профилактикалық мекемелері өрт ошағын ерте анықтау, адамдарға хабарлау, қауіпсіз эвакуациялау, оның ішінде халықтың мүмкіндігі шектеулі топтарына жағдай жасау, өртті барынша қысқа мерзімде оқшаулау бойынша шараларды қамтамасыз ете отырып жобалануы және салынуы тиіс.

4.2.3 Емдеу-профилактикалық мекемелері механикалық, өрт, санитарлық-гигиеналық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ энергия үнемдеу бойынша талаптарды сақтай отырып салынуы тиіс.

4.2.4 Мекемелердің көлемдік-жоспарлық және конструктивтік шешімдері оның арналуына, қажетті құрамына және жеке үй-жайлардың параметрлеріне сәйкес келуі, ғимаратта өтіп жатқан емдеу процесі үшін ең жақсы жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс.

Мекемелерде адамдарды емдеу, келуі немесе өзге де қызметтер үшін қауіпсіз жағдай қарастырылуы тиіс.

4.2.5 Емдеу-профилактикалық мекемелерінде үй-жайдың қажетті температурасын және ауа ылғалдылығын, олардың тазалығын, дыбыстық және көру қолайлылығын, инсоляцияны, үй-жайдың табиғи жарықтығын және т. б. сақтауды қамтамасыз ететін шаралар қарастырылуы тиіс.

4.2.6 Мүмкіндігі шектеулі топтардың мақсатты келу орындарына қолжетімділік пен мекемелердің ішінде және олардың аумақтары бойынша кедергісіз жүруі қамтамасыз етілуі қажет.

4.2.7 Емдеу-профилактикалық мекемелері қажетті инженерлік қондырғылармен (лифтінің, жылыту жүйесі мен желдеткіштің, су құбырының, канализацияның және т. б. болуы) жабдықталуы тиіс.

4.2.8 Қоршаған ортаға немесе адам ағзасына зиянды әсерлерді жоюдың экологиялық талаптарын сақтау, сондай-ақ ғимаратты пайдалану немесе реконструкциялау кезінде құрылыс материалдары мен бұйымдардың қауіпсіздігін қарастыру керек.

4.2.9 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және энергия тұтынуды үнемдеу, емдеу-профилактикалық мекемелерін жобалау, салу және пайдалану кезінде жылу шығынын азайту бойынша талаптарды ескеру қажет.

4.2.10* Емдеу-сауықтыру мекемелерін жобалау кезеңінде объектінің Қазақстан Республикасының террористік тұрғыдан осал, объектілері тізіміне жататынын анықтау және объектінің терроризмге қарсы қорғаудың тиісті жүйесін жасау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 191 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкес шаралар қабылдау қажет ***(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық).***

5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Негізгі ережелер

5.1.1 Емдеу-профилактикалық мекемелерді «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің, «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің, «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережесінің талаптарына және жобалауға, салуға және пайдалануға қойылатын талаптарды белгілейтін басқа да нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес жобалау керек.

5.1.2 Емдеу-профилактикалық мекемелерін жобалауды барлық: конструктивтік, өрт, санитарлық-эпидемиологиялық, электр қауіпсіздік және т. б. қауіпсіздік жүйелерін ескере отырып жүзеге асыру керек.

Ғимараттардың қауіпсіздік жүйелері бөлімшелер ішіндегі және олардың арасындағы функционалдық өзара байланысты бұзбайтындай жобалануы тиіс.

5.1.3 Емдеу-профилактикалық мекемелерінің ғимараттары жобалық құжаттамасының құрамы және оны әзірлеу тәртібі ҚР ҚН 1.02-03 талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5.1.4 Емдеу-профилактикалық мекемелер ғимараттарын жобалаған кезде қоғамдық ғимараттар мен құрылыстарға берілген қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талаптары сақталуы тиіс.

5.1.5 Емдеу-профилактикалық мекемелерді жобалау үшін инженерлік іздестірулер жүргізген кезде ҚР ҚН 1.02-02 және іздестіруді жүргізу бойынша басқа да қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талаптарын орындауды қамтамасыз ету керек.

5.2 Ғимараттардың сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша талаптар

5.2.1 Конструкциялардың механикалық беріктік пен орнықтылық талаптарының орындалуын қамтамасыз ету үшін ғимараттар осы нормалар мен тиісті нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес қызмет етудің болжамдық мерзімінің бойында өз қасиетін сақтауы тиіс.

5.2.2 Мекемелердің қоршау және көтергіш конструкциялары қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес қабылдануы тиіс.

5.2.3 Емдеу-профилактикалық мекемелері ғимараттарының сенімділігін қамтамасыз ету қажет, бұл жағдайда негізгі конструктивтік элементтер қолданудың, техникалық қызмет көрсетудің және пайдаланудың берілген режимдеріне, шартына сәйкес келетін белгілі шектерде қызмет көрсетудің белгіленген параметр мәндерін сақтауы тиіс.

5.2.4 Құрылыс конструкциялары мен негіздер материал, топырақ қасиетінің өзгергіштігін, жүктемелер мен әсерлердің, конструкцияның геометриялық сипаттамасын, олардың жұмысының шартын, сондай-ақ олардың жұмыс қабілеті бұзылған кезде материалдық және әлеуметтік залалмен анықталатын жобаланатын объектілердің жауапкершілік дәрежесін ескере отырып, конструкция мен негіздің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуі тиіс.

5.2.5 Жобалау барысында құрылыс конструкциялардың пайдалану сенімділігін қамтамасыз ету керек.

5.2.6 Конструкциялар мен негіздердің есептік модельдері (оның ішінде есептік сызбалар, есептің негізгі алғышарттары) есептік жағдайға жауап беретін мекемелердің нақты жұмыс жағдайларын көрсетуі тиіс.

5.2.7 Көтергіш конструкцияның механикалық қауіпсіздік бойынша талаптарға сәйкестігі мекеменің сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында тақтайша немесе тәжірибелі мәліметтерді қолдану арқылы жобаланып отырған бүкіл көтергіш конструкциялар мен олардың элементтерін талдау негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

5.2.8 Мекемелер іргетасы мен негіздері көтергіш және қоршау конструкцияларының жеке салмағынан; арақабырғаға түсетін уақытша біркелкі таралатын және шоғырланған жүктемелердің; ҚР ҚН 5.01-02 талабына сәйкес құрылыстың осы ауданы, оның ішінде сейсмикалық аудан үшін қар мен жел жүктемелерінен түсетін тұрақты жүктемелерді қабылдауға есептелуі тиіс.

5.2.9 Ғимаратты аяздан ісінуді қоса алғанда, топырақты дайындауға, шөгуге және басқа да жылжуға ұшыраған күрделі геологиялық жағдайдағы аудандарға салған кезде ҚР ҚН 2.03-01 талаптарын сақтау, сондай-ақ мыналарды ескеру керек:

а) ғимараттардың іргетастары топырақтық физика-механикалық сипаттамаларының, құрылыс алаңдарындағы гидрогеологиялық режим сипаттамаларының, сонымен қатар топырақ пен жер асты суларының іргетастар мен жер асты инженерлік тораптарға

қатысты агрессивті ескере отырып жобалануы, ғимарат элементтерінің астындағы негіздердің қажетінше біркелкі шөгуін қамтамасыз ету керек;

б) конструкциялар нақты бір құрылыс алаңы жағдайында олардың тиімділігі мен экономикалық мақсатқа лайықтылығын ескере отырып қабылдануы тиіс;

в) инженерлік коммуникациялар негіздің ықтимал деформацияланған орнын толтырудың қажеттілігін ескере отырып жүргізу керек.

5.3 Өртке қарсы талаптар

5.3.1 Емдеу-профилактикалық мекемелерінің және дәріханалардың өрт қауіпсіздігі «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентіне, өрт қауіпсіздігі саласындағы қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға және осы нормаларда белгіленген талаптарға сәйкес қамтамасыз етіледі.

5.3.2 Емдеу-профилактикалық мекемелерді жобалау барысында конструктивтік, көлемдік-жоспарлық және өрт жағдайында төмендегілерді қамтамасыз етуге бағытталған инженерлік-техникалық шешімдер қарастырылуы тиіс:

а) оның талап етілген отқа төзімділік деңгейіне сәйкес мекеменің жалпы төзімділігі;

б) өрттің түгел мекемеге таралуын және өрттің іргелес ғимаратқа өтуінің алдын алу;

в) өрттің қауіпті факторларының әсер ету салдарынан адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер туындағанға дейін оларды мекемеден эвакуациялау мүмкіндіктері;

г) адамдарды құтқару мүмкіндіктері;

д) адамдарды құтқару, өртті сөндіру және мүліктерді эвакуациялау бойынша шараларды өткізу үшін өрт бөлімшелері жеке құрамының қатынау мүмкіндіктері.

5.3.3 Емдеу-профилактикалық мекемелерді пайдалану барысында төмендегілерді қамтамасыз ету керек:

а) өрттің алдын алудың және өртке қарсы қорғаныстың барлық жүйелерінің жұмысқа қабілеттігі;

б) өрт қауіпсіздігі саласында қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарын орындау;

в) өрт қауіпсіздігі бойынша жоба құжаттамасынсыз конструктивтік, көлемдік-жоспарлық және инженерлік-техникалық шешімдерді өзгертудің алдын алу, сонымен қатар өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап бермейтін конструкциялар мен материалдарды қолдану мақсатында жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде бақылау.

5.3.4 Эвакуациялау жолдарын «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентінің және өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талабына сәйкес анықтау керек.

5.3.5* Өртке қарсы 2 типті жабындармен және 1 типті өртке қарсы қалқалармен бөлу шартымен, ауданына қарамастан автоматты өрт сөндіру және түтінге қарсы сору желдеткіштері бар, В1 – В4 санатындағы емдеу-сауықтыру мекемелері мен дәріханалардың қоймалық үй-жайлары мен қоймалық үй-жайларын қоспағанда, шеберханалар мен жанатын және жанбайтын материалдардың қоймаларын жанатын қаптамада, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар қоймаларында, ауруханалардың емдеу корпустарының жертөле және цокольдық қабаттарында, диспансерлер мен перзентханалар корпустарында, сондай-ақ дәріханаларда орналастыруға жол берілмейді. ***(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 27.11.2019 ж. №194-НҚ бұйрық).***

5.3.6 Жертөле мен астыңғы қабаттардан тікелей сыртқа шығатын есіктер қарастырылуы тиіс. Осы баспалдақтарды лифт холы шегінде орналастыруға жол берілмейді.

5.3.7 Лифт шахталарының және баспалдақ торларының жертөлелермен қатынасына жол берілмейді. Тек ауа тірегі арқылы лифт шахталары лифт холдарына қатынай алады. Холды дәліздермен жалғастыратын есіктер өздігінен жабылуы тиіс.

5.3.8 Емдеу-профилактикалық мекеме ғимараттарындағы күннен қорғайтын құрылғылар жанбайтын материалдардан орындалуы тиіс.

5.3.9 Жаяу жүргіншілер мен коммуникациялық тоннельдер және өткелдер жанбайтын материалдардан қарастырылуы тиіс.

5.3.10 Науқастарды аурухана ғимаратынан эвакуациялауға арналған сыртқы ашық баспалдақтарды қолдануға жол берілмейді.

5.3.11 Ауруханаларда ғимараттың бүкіл биіктігіне ашық баспалдақтарды орнатуға жол берілмейді.

Адамдарды эвакуациялауға арналған баспалдақ торларында табиғи жарықтандыру болуы тиіс.

5.3.12 Айналмалы және қисық сызықты баспалдақтарды эвакуациялау жолдарына орнатуға жол берілмейді.

5.3.13 Жанатын қаптама материалдарды және жанған кезде уытты заттар бөлетін материалдарды эвакуациялау жолдарына (баспалдақ клеткаларына, дәліздерге, жаяу жүргіншілер тоннельдеріне, вестибюльдерге, холдарға), сонымен қатар буфет және акт залдарына қолдануға жол берілмейді.

5.3.14 Емдеу-профилактикалық мекемелерде және дәріханаларда аммиакты салқындату қондырғыларын қолдануға жол берілмейді.

5.4 Пайдалану барысында адамдардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету бойынша талаптар

5.4.1* Учаскені орналастыруға, аумақтарды ұйымдастыруға және қауіпсіздікке қойылатын талаптар *(Атауы өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық)*

5.4.1.1 Емдеу-профилактикалық мекемелерін елді мекендердің бекітілген бас жоспарларына және нақты жоспарлау жобаларына сәйкес орналастыру керек.

Топырақта органикалық, химиялық, радиациялық сипаттағы ластаулар бар, бұрын қоқыс тастайтын орын, ассенизация жері, мал қорымы, зират ретінде қолданылған аумақтарынан жер телімін бөліп беруге жол берілмейді.

5.4.1.2 Аурухана ғимаратын орналастыру, сонымен қатар реконструкция жобасы, қайта жабдықтау, ғимараттар мен үй-жайларды қайта жоспарлау үшін жер телімін таңдау мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен міндетті келісілуі тиіс.

5.4.1.3 Емдеу-профилактикалық мекемелері, санитарлық-эпидемиологиялық ұйымдар және басқа ғимараттар арасындағы ең төменгі жол берілетін арақашықтық ҚР ҚН 3.01-01 және қолданыстағы нормативтік құжаттарда берілгендерден кем болмауы тиіс.

5.4.1.4 Емдеу-профилактикалық мекемелерді ҚР ҚН 3.01-01 және осы нормалар талаптарына сәйкес көлік қатынауын ескере отырып, селитебті және қала маңындағы аумақтарға орналастыру керек.

5.4.1.5 Емдеу-профилактикалық мекемелерді ҚР ҚН 2.04-02 сәйкес қолжетімді шу деңгейін қамтамасыз етуді ескере отырып, теміржол жолдарынан, әуежайлардан, жедел автомагистральдардан және физикалық факторлардың әсер етуінің басқа күшті көздерінен алыс орналастыру керек.

5.4.1.6 Емдеу-профилактикалық мекемелердің аумақтары пациенттердің демалуы үшін шағын сәулеттік үлгілермен жабдықталуы тиіс.

5.4.1.7 Емдеу-профилактикалық мекемелерінің аумағына олармен функционалдық байланысы жоқ ғимараттар мен құрылыстарды орналастыруға жол берілмейді.

5.4.1.8 Жер телімдерінің өлшемдерін және емдеу-профилактикалық мекемелерінің қуатын ҚР ҚН 3.01-01 талаптарына сәйкес анықтау керек.

5.4.1.9 Стационарлық емдеу-профилактикалық мекемелерінің аумақтарында, оның құрамына байланысты келесідей функционалдық аймақтар бөлінуі тиіс:

- инфекциялық емес науқастарға арналған емдеу корпустары;
- инфекциялық науқастарға арналған емдеу корпустары;
- психиатриялық корпустар;
- педиатриялық корпустар;
- перзентханалар немесе акушерлік бөлімдер;
- радиологиялық корпустар;
- рекреациялық;
- әйелдерге кеңес беру;
- патологоанатомиялық корпустар;
- жедел медициналық көмек станциялары (бөлімдер);
- шаруашылық;
- инженерлік құрылыстар;
- бақша-саяжай;
- климатотерапияға және дене шынықтыруға арналған алаңдар.

Инфекциялық, акушерлік, балалар, туберкулез және психосоматикалық бөлім науқастары үшін жеке бақша-саяжай аймақтар бөлінуі тиіс.

5.4.1.10* Тамақ дайындау қызметі тікелей аурухана ғимаратында, шаруашылық аймаққа жақын орналасқан жеке ғимаратта, сондай-ақ аурухана ғимараттарына жапсарлас және жапсарлас-жанастыра салынған ғимаратта орналастырылады.

Ас блогын жеке тұрған ғимаратта орналастырған кезде оны аурухана корпусымен тоннель өткелдерімен (жерасты, жерүсті) қосу қажет, инфекциялық және туберкулез корпустарына тоннель өткелдері ауруханадан ауа тірегіші бар шлюзбен бөлінуі тиіс.

Тамақ дайындау қызметтерін тікелей аурухана ғимаратына орналастырған кезде сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық қағидалар мен мемлекеттік нормативтердің талаптарын сақтау қажет. ***(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 09.07.2021 ж. №98-НҚ бұйрық)***

5.4.1.11 Учаске аумағында негізгі есікке, қабылдау бөліміне, инфекциялық науқастарға арналған емдеу корпустарына, патологоанатомиялық корпусқа кіретін жол, материалмен жабдықтауға және қолданылған материалдар мен қалдықтарды жоюға

арналған шаруашылық кіретін жол қарастырылуы тиіс. Қызметкерлерге арналған жеке кіретін есік қарастырылуы мүмкін.

5.4.1.12 Иондаушы сәуле көздерін пайдаланатын емдеу-профилактикалық мекемелерін орналастыруға қойылатын талаптар радиациялық қауіпсіздік нормаларына және осы қызмет түріне қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес анықталады.

5.4.1.13 Ғимаратты жоспарлаған кезде травматологиялық пункт үй-жайы палаталары, қабылдау-тексеру бокстары, қабылдау бөліміне кіреберіс, сондай-ақ ыдыс, тиеу, экспедициялық үй-жайлар және тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу үшін автомашиналар кіретін жер бар басқа да үй-жайлар терезелерінің астына орналастыруға жол берілмейді.

5.4.1.14 Патологоанатомиялық корпус, оған өтетін жолдар және жерлеу машиналарының тұрағы емдеу және босанатын әйелдерге дәрігерлік жәрдем беретін корпустардың, ұйымның аумағына және рекреациялық аймаққа, бақша-саяжай аймағына жақын орналасқан тұрғын және қоғамдық ғимараттардың терезелерінен көрінбеуі тиіс.

Жұқпалы ауру мәйіттерін союға арналған үй-жайлар оқшауланuы тиіс және сыртынан жеке кіретін есігі болуы керек.

5.4.1.15 Жедел медициналық көмек автомобильдеріне арналған гараждарды автомобильдер тұрақтарын жобалау жөніндегі қолданыстағы нормативтік-техникалық құжат талаптарына сәйкес жобалау керек.

5.4.1.16 Қызметтік автокөлікке, емдеу-профилактикалық мекемесі қызметкерлерінің көлігіне арналған тұрақтарды қолайлы қатынайтын учаске аумағынан қарастыру керек. Тұрақтар өрт сөндіру машиналарының ғимараттарға кіру жолына кедергі келтірмеуі тиіс.

5.4.1.17 Емдеу-профилактикалық мекемелердің аумақтарында өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаған жағдайда қызметкердің, келушілердің автомобильдеріне және арнайы мақсаттағы автомобильдерге (жедел медициналық көмек және басқалары) арналған жерасты автомобиль тұрақтарын орнатуға жол беріледі.

5.4.1.18 Емханалық қабылдау учаске шекарасына жақын болуы және пациенттер үшін қолайлы әрі қолжетімді өздігінен кіретін есік болуы тиіс.

5.4.1.19 Ауруханаға, емханаға, диспансерлерге және перзентханаларға кіретін негізгі есік алдында келушілерге арналған алаңдар қарастырылуы тиіс.

5.4.1.20 Қауіпсіздік мақсатында сыртқы жарықтандыру, оның ішінде ғимаратқа кіреберісте, сыртқы баспалдақтарда және өрт гидранттарының есіктерінде, жаяу жүргіншілер және көлік маршруттарын бойлай, сондай-ақ автотұрақтарда болуы тиіс.

5.4.1.21 Климатотерапияға, еңбек терапиясына және дене шынықтыруға арналған құрылыстар мен алаңдарды ұйымның саласын ескере отырып қарастыру керек.

5.4.1.22* Көп бейінді ауруханалардың құрамына кіретін инфекциялық, психиатриялық, тері-венерологиялық, туберкулезге қарсы бөлімдер жеке тұрған ғимараттарда орналастырылады.

Жұқпалы және туберкулезге қарсы бөлімдерде жеке кіру (кіру), жеке қабылдау бөлімі және көлікті дезинфекциялауға арналған жабық алаң болуы тиіс.

Инфекциялық, психиатриялық, тері-венерологиялық, туберкулезге қарсы бөлімдерді жоспарлы оқшаулау және дербес желдету жүйесі болған кезде аталған бөлімдерді

туберкулезге қарсы бөлімдерді қоспағанда, басқа бөлімдермен бір ғимаратта орналастыруға жол беріледі. ***(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 27.11.2019 ж. №194-НҚ бұйрық).***

5.4.1.23 Емханалық корпус шалғай учаскеге орналастырылады және жеке кіретін есігі болуы тиіс.

5.4.1.24 Инфекциялық ауруханаңың (корпустың) аумағында жас көшеттердің жолағымен бір-бірінен оқшауланған «таза» және «кір» аймақтар белгіленуі тиіс.

«Кір» аймақтан шығаберісте көлік құралдарын дезинфекциялауға арналған жабық алаң қарастырылуы қажет.

5.4.1.25 Балалар емханасына кіреберісте балалар арбаларына арналған жеңіл шатырлармен жабылған алаңдар қарастырылуы тиіс.

5.4.1.26* Емдеу-сауықтыру мекемелерінің ғимаратында терроризмге қарсы қорғау және пайдалану кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жүйе мен құралдарды қорғау дабыл жүйесімен, кіруді бақылау жүйесімен, ескерту жүйесі мен құралдарымен, теледидарлық бейнебақылау жүйелерімен жабдықтау қажеттілігі Қазақстан Республикасы Үкіметтің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 191 қаулысымен белгіленген талаптарға сәйкес анықталады ***(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық)***.

5.4.2 Сәулет-жоспарлау және конструктивтік шешімдерге қойылатын талаптар

5.4.2.1 Емдеу-профилактикалық мекемелерінің құрылымы мен құрамы мекемелер салаларын, сыйымдылығын және клиникалық-диагностикалық зертханаларды, патологоанатомиялық және орталық стерильдеу бөлімдерін, орталық зарарсыздандыру бөлімдерін, дәріханаларды, тағам дайындау қызметтерін, кір жуатын орындарды, гараждарды және жабдықты тиімді орналастыруды және науқастар мен қызметкерлердің еркін қозғалуын қамтамасыз ететін т. б. орталықтандыруды ескеру арқылы анықталады.

5.4.2.2 Ғимараттың сәулет-жоспарлау шешімі медико-технологиялық процестердің және науқастардың, қызметкерлердің, келушілердің, дәрі-дәрмектердің, құралдардың, материалдардың, тамақтардың, медициналық қалдықтар толассыздығын қамтамасыз етуі және эпидемиологиялық қауіптің әртүрлі деңгеймен ағымдарды ауыстыру мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

5.4.2.3 Ғимараттың жол берілген биіктігі арнайы нормативтік құжаттар талаптары, оның ішінде сейсмикалық аудандардағы құрылысты қарастыратын қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талаптары бойынша анықталады.

5.4.2.4 Телегамма-терапия, жоғары энергиялы сәулелермен емдеу кабинеттерінің, ауруханаңың стандартты емес аппаратурасы бар рентген кабинеттерінің биіктігі жабдықтың өлшемдеріне байланысты белгіленеді.

5.4.2.5 Желдетудің ерекше жүйесін талап ететін және инженерлік қондырғылармен толықтырылған жоғары технологиялық бөлімшелерді (босану блоктары, оперблоктар, реанимация және қарқынды терапия бөлімдері және басқалар) техникалық қабатты жасау арқылы белгіленген аймаққа орталықтан орналастыру керек, бұл осы бөлімшелер үшін (экспресс-зертхана, жедел стерильдеу, қанды сақтау қызметтері және т. б.) жалпы кезекші қызметін ұйымдастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

5.4.2.6 Ғимараттың төменгі қабаттарына палаталарды, операциялық блоктарды, реанимация бөлімдерінің немесе босандыру бөлімдерінің палаталарын орналастыру кезінде олардың үстіне шатыр немесе техникалық қабат қарастырылады.

5.4.2.7 Оқшауланған ауа режимін жасау үшін палата секцияларына, оперблоктарға, реанимация бөлімдеріне және зерттеуге арналған зерттеу аймағына (зертхана) кіретін тік коммуникацияларды (баспалдақтар мен лифтілер) шлюздермен жабдықтау керек.

5.4.2.8 Иондаушы сәуле көздерімен жұмыстар жүргізілетін үй-жайларды жүкті әйелдер мен балаларға арналған палаталармен іргелес (көлденеңінен және тігінен) орналастыруға жол берілмейді.

5.4.2.9 Ортопедиялық, неврологиялық, нейрохирургиялық бөлімдер науқастарына арналған дәретхана кабинасының көлемі ҚР ҚН 3.06-01 сәйкес қарастырылады.

5.4.2.10 Емдеу-профилактикалық мекемелерге арналған санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар ҚР ҚН 3.02-08 талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5.4.2.11 Ерлер дәретханасындағы писсуарлар саны унитаздар санына тең болуы тиіс.

5.4.2.12 Дәрігерлердің барлық кабинеттерінде және медбикелер мен көмекші медбикелер бөлмелерінде салқын және ыстық су келетін қолжуғыштар орнатуды қарастыру керек. Операция алдындағы, таңу, процедуралық кабинеттерді, реанимация залдарын және палаталарды, босандыру залдарын, жаңа туылған нәрестелер палаталарының жанындағы медбикелердің орындарын және ерекше режимді талап ететін басқа үй-жайларды араластырғышы бар білек немесе жанаспайтын шүмекті қондырғысы бар қолжуғыштармен жабдықтау керек.

5.4.2.13 Инфекциялық, туберкулез, тері-венерологиялық бөлімдерге бокс шлюздеріне, жартылай бокстарға және қызметкерге арналған дәретханаларға білек немесе жанаспайтын шүмекті қолжуғыштарды орнату, сонымен қатар барлық дәретханаларға шаю бөшкелеріне арналған басқыш түсіргіштерімен жабдықтау керек.

5.4.2.14 Жаңа туған нәрестелерге арналған палаталарға үлкен раковина орнату керек.

5.4.2.15 Қалдықтарды уақытша сақтауға арналған үй-жайлар ұйым ғимаратының шығаберісіне тікелей жақын орналасуы керек және шығаруға арналған қолайлы кірме жолдар болуы тиіс.

5.4.2.16 Емдеу-профилактикалық мекемелері үй-жайларында табиғи және жасанды жарықтандыру болуы тиіс, оның деңгейін ҚР ҚН 2.04-01 және қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес технологиялық талаптарға (көру жұмысының сипаттамаларына байланысты) сәйкес қабылдау керек.

5.4.2.17 Емдеу-профилактикалық мекемелер палаталарының терезелерін жарық жақтары бойынша бағдарлауды қоғамдық ғимараттар мен құрылыстарға қойылатын талаптарға сәйкес қабылдау керек.

Басқа емдеу-профилактикалық мекемелер үй-жайлары мен дәріханалар терезелерін жарық жағына байланысты бағдарлау керек.

5.4.2.18 Ауруханалар мен диспансерлердің палата бөлімдерінің дәліздерінде шетжақ және бүйірлік табиғи жарықтандыруды қарастыру керек.

5.4.2.19 Психиатриялық ауруханаларда науқастар келетін үй-жайлардағы терезе жақтаулары сынбайтын жарық мөлдір материалдармен толтырылуы тиіс.

5.4.2.20 Емдеу-профилактикалық мекемелер үй-жайларының инсоляция нормалары қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5.4.2.21 Үй-жайды табиғи жарықтандыру үшін жоспарлық шешімдермен тұйық немесе жартылай тұйық жабылған (жабылмаған) жарық аулалар және атриумдар қарастырылуы мүмкін.

Артық инсоляцияның алдын алу және пациенттер мен қызметкерлер үнемі келіп тұратын үй-жайлардағы, әсіресе реанимация және қарқынды терапия бөлімдерінде ашық жарықтан қорғау үшін күннен қорғауды (күнқағарлар, жалюздер және басқалар) қарастыру керек.

5.4.2.22 Есірткі және психотропты препараттарды сақтауды қажет ететін барлық емдеу-профилактикалық мекемелерінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жобаланған жол берілмеген енуден қорғану құралдарымен жабдықталған арнайы бөлмелерді қарастыру керек.

5.4.3 Үй-жайларды ішкі әрлеу

5.4.3.1 Медициналық-технологиялық процестерге байланысты емдеу-профилактикалық мекемелер үй-жайлары қабырғаларының, арақабырғаларының және төбелерінің беттері және дәрілік заттарды және медициналық мақсатты бұйымдарды қабылдау, сақтау және жіберу, өндіру жүзеге асатын дәріхана үй-жайларының беттері, сонымен қатар сүт асханаларының және үлестіретін сүт асханаларының беттері үй-жайдың мақсатына байланысты ылғалды және суды жинауға және дезинфекциялауға жол берілетін тегіс болуы тиіс.

5.4.3.2 Дымқыл жұмыс режимді үй-жайларда, сонымен қатар дымқыл ағымдағы дезинфекция жасалатын үй-жайларда (операциялық, таңу, операция алдындағы, наркозды, босандыру, процедуралық бөлмелердің, ванна, душ, санитарлық тораптар, санитарлық бөлмелер, кір жуу, кір киімді сақтау мен жинау үй-жайлары, жинау керек-жарақтары, медициналық қалдықтарды уақытша сақтау үй-жайлары және т. б.) қабырғалардың түгел биіктігін ылғалға төзімді материалдармен қаптау керек. Палаталар, дәрігер кабинеттері, холдар, вестибюльдер, физиотерапиялық және басқа емдеу-диагностикалық кабинеттер қабырғаларын бояу үшін нитробояуларды қолдануға жол берілмейді.

Операциялық бөлімдерде лазерлік техниканы қолдану арқылы қабырғалардың беттері жарықты шағылыстырмайтын күңгірт болуы тиіс.

5.4.3.3 Операциялық, операция алдындағы, наркозды, реанимациялық бөлмелердің, қарқынды терапия палаталарының, босану, босану алдындағы бөлімдердің, клиника-диагностикалық зертханалар мен стационарлардың басқа мамандандырылған үй-жайларының едендері тез тазаланатын және дезинфекциялаушы ерітіндімен жиі жууға болатын, сонымен қатар науқастарды, материалдар мен жабдықтарды тасымалдау үшін қолайлы ылғалға төзімді материалмен жабылуы тиіс.

5.4.3.4 Операциялық, наркозды бөлмелердегі, барозалдардағы, қоймалардағы, электр жарықпен емдеу кабинеттеріндегі (физиобөлім) еден жабыны ҚР ҚН 3.02-36 сәйкес антистатикалық және ұшқынға қауіпсіз болуы тиіс.

Баспалдақ алаңдарының мен сыртқы кіреберіс есіктер тамбурларының едендері сырғанауға қарсы материалдан жасалуы тиіс.

5.4.3.5 Ашық радионуклидтермен жұмыс жүргізілетін үй-жайлар конструкциялары және қабырғалары, арақабырғалары, едендері мен төбелерінің әрленуі радиациялық

қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша санитарлық-гигиеналық талаптарда мазмұндалған талаптарға жауап беруі тиіс. Процедуралық рентген кабинеттеріндегі едендер жабындары электр оқшаулаушы материалдардан орындалуы тиіс.

5.4.3.6 Рентген кабинеттерінің және электрлік жарықпен емдеу кабинеттерінің қабырғаларын, арақабырғаларын және едендерін керамикалық плиткамен әрлеуге жол берілмейді.

5.4.3.7 Офтальмология кабинеттерінің жанындағы қараңғы кабиналардың қабырғалары мен төбелері қара күңгірт түсті бояумен жабылуы тиіс.

5.4.3.8 Төбе астындағы инженерлік жүйелерді ажырату талап етілетін, медициналық-технологиялық процеске байланысты үй-жайларда осы үй-жайлар үшін санитарлық-гигиеналық нормалардың талаптары бойынша төбелерге бактерияға қарсы және басқа арнайы қасиеттері бар жабындарды қолдану керек.

5.4.3.9 Әртүрлі конструкциялы аспалы төбелерді қолдануға тек эпидемияға қарсы, дезинфекциялық режимді, асептика және антисептиканы сақтауды талап етпейтін үй-жайларда; вестибюльдерде, дәліздерде, холдарда және операциялық, босандыру, таңу, процедуралық бөлмелерге, палаталарға және осыған ұқсас басқа үй-жайларға тікелей жанаспайтын басқа қосалқы үй-жайларда жол беріледі. Бұл жағдайда аспа төбелердің конструкциясы және материалдары оларда жинау және тазалау, дезинфекциялау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

5.4.4 Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар

5.4.4.1 Ересектерге арналған амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар

5.4.4.1.1 Стационарлық емес медициналық ұйымдар амбулаториялық-емханалық және басқа (зертхана, орталықтандырылған зарасыздандыру бөлімдері және басқалар) болып бөлінеді.

5.4.4.1.2 Амбулаториялық-емханалық ұйымдарға төмендегілер жатады:

- фельдшер-акушерлік пункттер, ауылдық дәрігерлік амбулатория, жалпы тәжірибедегі дәрігер консультациясы;
- аумақтық емханалар (аудандық, қалалық және басқалары);
- ведомстволық емханалар;
- көп салалы және мамандандырылған медициналық орталықтар;
- мамандандырылған емханалар, оның ішінде стационарлары жоқ диспансерлер.
- қалпына келтіру емдеу орталықтары.

5.4.4.1.3 Емханалардың жоспарлау құрылымы келушілердің: науқастардың, профилактика бөліміне келушілердің, балалардың, емхана қызметкерлерінің ағымдарын бөлуге қойылатын талаптарды ескеруі тиіс.

Емхананың ішкі кеңістігін аймақтарға бөлу барысында үй-жайлар мынадай негізгі топтарға бөлінуі тиіс:

- жалпы;
- емдеу-профилактикалық бөлімше;
- қызметтік және тұрмыстық.

Травматология пунктінің болуы мекеме саласына сәйкес және қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарын ескере отырып анықталады.

5.4.4.1.4 Облыстық консультациялық емханалар немесе республикалық, облыстық ауруханалардың емхана бөлімдері кезінде консультация, тексеру және емдеу кезеңінде сырттан келген науқастардың келуі үшін жеке тұрған пансионаттарды қарастыру керек.

5.4.4.1.5 Жедел көмек бөлімін, травматологиялық пунктті, инфекциялық кабинетті өздігінен сыртқа шығаберіс есіктер арқылы орналастыру керек.

5.4.4.1.6 Стоматологиялық емханаларды (бөлімдерді) және кабинеттерді жобалау барысында қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарын басшылыққа алу керек.

5.4.4.1.7 Аллергологиялық кабинеттерді дәріханаларға, процедуралық бөлмелерге, зертханаға және буфеттерге іргелес орналастыруға жол берілмейді.

5.4.4.1.8 Конференц-залдың сыйымдылығы мекеменің сыйымдылығы нәтижесінде анықталады.

5.4.4.1.9 Ересектерге арналған амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйым үй-жайларын, оның ішінде емханаларды (диспансерлерді), сондай-ақ мамандандырылған амбулаториялық-емханалық ұйымдарды, қызметтік және тұрмыстық үй-жайларды ұйымның құрылымына, ерекшелігіне сәйкес және «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережесінің талаптарын ескере отырып қарастыру керек.

5.4.4.2 Балаларға арналған амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар

5.4.4.2.1 Балалар емханасының жоспарлық құрылымына мынадай негізгі функционалдық топтар белгіленуі керек:

- жалпы үй-жайлар;
- емдеу-профилактикалық бөлімшелер;
- қызметтік-тұрмыстық үй-жайлар.

5.4.4.2.2 Емханаға баламен кіруге арналған есікті орталық есік арқылы қарастыру керек, бұл кезде инфекциялық аурулар бар науқастарды тексеруге және оңашалауға арналған қабылдау-тексеру бокстарын (фильтр-бокстар) қарастыру керек.

5.4.4.2.3 Емханалар үй-жайын, балаларға арналған қуаттылығы әртүрлі қызметтік және тұрмыстық үй-жайларды «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелер талаптарын және қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарын ескере отырып қарастыру керек.

5.4.4.3 Әйелдер консультациясы

5.4.4.3.1 Әйелдер консультациясы емхананың жеке ғимаратында орналастырылуы мүмкін.

5.4.4.3.2 Жеке ғимараттарда орналасқан әйелдер консультациясы үшін дербес жер телімін қарастыру керек.

5.4.4.3.3 Әйелдер консультациясының қуаттылығы адамдардың бір күндегі келу санымен анықталады.

5.4.4.3.4 Емхана құрамына кіретін әйелдер консультациясы оқшау орналаспауы тиіс.

5.4.4.3.5 Мамандандырылған акушерлік-гинекологиялық тексеру, диагностика және сирек кездесетін патологиясы бар әйелдерді емдеу үшін жеке кабинеттер қарастырылады.

5.4.4.3.6 Балалар мен жасөспірімдерді қабылдауға арналған кабинетті мамандандырылған акушерлік-гинекологиялық қабылдайтын басқа кабинеттерден жеке, оқшауланған аймаққа орналастыру керек.

5.4.4.4 Дәрігер амбулаториясы, фельдшер-акушерлік пункттер, медициналық пункт

5.4.4.4.1 Дәрігер амбулаториясы учаскесінің аумағында ересектер мен балаларға арналған аймақтарды белгілеу керек. Балалар бөлімінің кіреберісінде балалар арбасына арналған шатыр бар алаң жабдықталуы тиіс.

5.4.4.4.2 Амбулаторияның балалар бөліміне келесілер кіреді:

- дәрігер-педиатр кабинеті және оған жалғаспалы үй-жайлар;
- балаларды қабылдауға және тексеруге арналған фильтр-бокс.

Фильтр-бокста сыртқа шығатын есік болуы тиіс және тікелей процедуралық кабинетпен байланысты болуы керек.

5.4.4.4.3 Қуаттылығы әртүрлі дәрігер амбулаториясының үй-жайын, сондай-ақ фельдшер-акушерлік пунктті «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережесінің және қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарын ескере отырып қарастыру керек.

5.4.4.4.4 Фельдшер-акушерлік пункттерді бір немесе бірнеше елді мекендерге қызмет көрсетуді ескеру арқылы орналастыру керек.

5.4.4.4.5 Фельдшер кабинетінің жанында дәріхана пунктін қарастыру керек.

5.4.4.4.6 Фельдшер-акушерлік пункт үй-жайының құрамына мыналар кіруі тиіс: фельдшер кабинеті, акушер кабинеті, вестибюль (күту аймағы), процедуралық-таңу, екпе кабинеті, тексеру, зарасыздандыру кабинеттері, шаруашылық-тұрмыстық үй-жайлар, санитарлық торап.

5.4.4.4.7 Медициналық пункттерді елді мекендерге қызмет көрсетуді ескеру арқылы орналастыру керек.

5.4.5 Стационарлық көмек көрсететін ұйымдар

5.4.5.1 Стационарларға қойылатын жалпы талаптар

5.4.5.1.1 Стационарларды жобалау қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге және нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

5.4.5.1.2 Стационардың және оның бөлімшелерінің қуаты, құрылымы және құрамы емдеу ұйымдарының туындаған желісін ескере отырып, қызмет көрсетілетін аймақ тұрғындарының қажеттілігіне сүйене отырып белгіленеді.

5.4.5.1.3 Палата бөлімі медициналық көмекті барынша көрсету және пациенттерге тікелей палатада қызмет көрсету принципі бойынша жобаланады.

5.4.5.1.4 Палата секциясында кезекші медбике постысын, процедура бөлмесін немесе инфузиялық жүйелерді дайындау үй-жайын қарастыру керек. Таңу бөлмесі, көтергіші бар ванна және клизма жасау бөлмесі саласына байланысты секция құрамында орналасуы тиіс.

5.4.5.1.5 Палата бөліміне және инфекциялық профиль, сондай-ақ күйік шалған және иммунокомпрометирленген науқастарға арналған секцияға кіреберісте шлюз қарастырылады.

5.4.5.2 Қабылдау бөлімдері, мамандандырылған бокстар, травматологиялық пункттер

5.4.5.2.1 Қабылдау бөлімі науқастарды жоспарлық және жедел қабылдау құрылымдарына бөлінеді. Қабылдау бөлімдері және науқастарды шығару үй-жайлары балаларға, акушерлік, гинекологиялық, инфекциялық, туберкулез, психиатриялық (психосоматикалық) бөлімдер үшін жеке болуы тиіс.

5.4.5.2.2 Көп салалы ауруханалардың қабылдау бөлімі жанында диагнозын анықтағанға дейін науқастарды жатқызуға арналған палаталар қарастырылуы керек.

5.4.5.2.3 Науқас балаларды стационарға қабылдау үшін қабылдау-тексеру бокстарын (инфекциялық ауруханалардағы сияқты) ұйымдастыру керек.

Ана мен баланы қорғау объектілерінде қабылдау үй-жайларының топтарын (тексеру, жаңа босанған әйелдерді және жүкті әйелдерді санитарлық өңдеу үй-жайлары) физиологиялық бөлім және жүктілік патология бөлімдері үшін жалпы және гинекологиялық бөлімі үшін жеке қарастыру керек. Осы бөлімдер науқастарының жүру жолы, баспалдақ торлары мен лифтілерді қоса алғанда, бір-бірінен қатаң түрде оқшауланыуы тиіс.

5.4.5.2.4 Перзентхананың қабылдау бөлімінің (акушер бөлімінің) жанында босану боксы қарастырылуы тиіс.

5.4.5.2.5 Емдеу стационарларының қуаттылығына, профиліне және құрылымына байланысты қабылдау бөлімдерінің құрамы, қабылдау бөлімдері үй-жайының, мамандандырылған бокстар мен травматологиялық пункттер ауданы «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережені ескере отырып анықталады.

5.4.5.2.6 Қабылдау және ауруханадан шығару бөлімдерін ғимараттың оқшауланған бөлігіне және мүмкіндігіне қарай аурухана учаскесінің аумағындағы негізгі кіре беріске жақын орналастыру керек. Олар өтетін жол болмауы тиіс. Санитарлық машиналардың бөлімге кіруі үшін машиналардың тұрағына арналған шатыры бар пандус қарастырылуы керек.

5.4.5.2.7 Сонымен қатар, инфекциялық науқастарды қабылдау үшін төмендегілерді қарастыру керек:

- қабылдау бөлімін басқа барлық стационар бөлімдерінен оқшаулау (қызметкерлер және науқастар үшін санитарлық өткізу орнын ұйымдастыру арқылы);
- науқастарды диспетчерлік бөлім арқылы қабылдау-тексеру бокстарына қабылдауды ұйымдастыру.

5.4.5.2.8 Тексеру кабинетін санитарлық өткізу орнының жанына, қабылдау бөлімінің вестибюльдік-күту орнына жақын орналастыруға жол беріледі, кіреберіс есіктердің габариттері каталканың еркін кіруін қамтамасыз етуі тиіс.

5.4.5.2.9 Қабылдау-тексеру боксы үй-жайының құрамына мыналар кіреді:

- кіреберіс (сыртқы) тамбур;
- тексеру үй-жайы;
- дәретхана;
- бокс алды, қызметкерлердің қабылдау бөлімінің дәлізінен кіруіне арналған қызметтік шлюз.

5.4.5.2.10 Санитарлық өткізу орнының саны түскен науқастар ағымына сәйкес есептеледі.

5.4.5.2.11 Ванна орнатылған бөлмелер өлшемдері каталканы кедергісіз кіргізуді, оны ваннаға жақындатуды, қызметкердің ваннаның айналасында еркін қозғалуын қамтамасыз етуі тиіс.

5.4.5.2.12 Санитарлық өткізу орындарын палата бөліміне науқастардың негізгі қозғалу ағымдарының жолына тексеру кабинеттерінен бөлек немесе олардың жанында орналастыру керек.

5.4.5.3 Стационар бөлімдері

5.4.5.3.1 Стационар бөлімдерінің негізгі түрлері мыналарға бөлінуі тиіс:

- соматикалық және мамандандырылған (ересектер мен балалар үшін);
- инфекциялық;
- босану.

5.4.5.3.2 Қалалық және облыстық балалар ауруханаларында жаңа туған және шала туған балалар үшін басқа барлық бөлімдерден және аурухана қызметтерінен толықтай оқшауланған бөлімдерді қарастыру керек. Инфекциялық, психиатриялық, тері-венерологиялық және туберкулез бөлімдерін тек жеке ғимараттарға орналастыру керек.

Бөлімдерде әрбір палатада душы бар санитарлық торапты қарастыру керек.

5.4.5.3.3 Жағдайы тәулік бойы бақылауды және емдеуді талап етпейтін, қатты және созылмалы аурулары бар науқастарды ауруханаға жатқызу үшін күндіз келіп кететін бөлімді (палаталарды) қарастыру керек.

5.4.5.3.4 Стационарлық бөлімдер палаталарында тамақтануды ұйымдастыру қарастырылуы тиіс.

5.4.5.3.5 Науқастарды емдеу, диагностика және қызмет көрсету ерекшеліктері нәтижесінде мамандандырылған бөлімдерді жоспарлауға ерекше талаптар қойылады.

Офтальмология бөлімінде төмендегілерді қарастыру керек:

- пациенттерді тексеру жолында үздіксіз тұтқыштың болуы;
- жиһазды және науқастарға арналған тұрмыстық жабдықты орналастыру ықшамдылығы.

5.4.5.3.6 Сауыққандар бөлімінде науқастардың қызметін белсендіру үшін келесілерді қамтамасыз ету керек:

- дене шынықтыруға, еңбек терапиясына, су және ауа процедураларына, әлеуметтік-дене шынықтыру қызметіне арналған аймақтар және жабдық;

- пациенттердің қозғалыс кестесін ұлғайту.

5.4.5.3.7 Көптеген пациенттерде сырт келбетінде кемістіктер бар (дерматология, бас сүйек-бет хирургиясы және басқалар) бөлімдер қатарында тұйықтық иллюзиясы, сырт көздің бақылауынан оқшаулау қарастырылуы тиіс.

5.4.5.3.8 Ортопедиялық-травматологиялық бөлімдерде және ортопедтік және неврологиялық саласын қалпына келтіру емдеу бөлімдерінде, кардиология бөлімдерінде, эндокринология, инфаркт бөлімдерінде:

- тұтқыш құрылғысын палаталарда және дәліздерде, емдеу кабинеттерінде қарастыру керек;

- қондырғыны кресло-арбадағы мүмкіндігі шектеулі адамдарды ескере отырып орналастыру керек;

- санитарлық тораптарды кресло-арбамен жүретін науқастардың қолдану мүмкіндігімен арнайы көтергіштері бар ваннамен жобалау керек.

5.4.5.3.9 Барлық бөлімдер дәліздерінде каталкаларға арналған босатқыш құрылғысын қарастыру керек.

5.4.5.3.10 Психиатриялық бөлімдер науқастары тұратын үй-жайлардағы терезелер сталинитпен әйнектелуі тиіс, палаталарда қолжуғыштар орнатылмайды, жуыну бөлмелері қарастырылады. Үй-жай есіктері арнайы тиектермен жабдықталуы тиіс. Санитарлық-техникалық қондырғыларда шығып тұрған бөліктер болмауы тиіс, ал санитарлық-техникалық арматура науқастарға қолжетімсіз болуы тиіс. Жылыту аспаптары ретінде жылыту панельдерін қарастыру керек. Шамдарды тек төбеге жабық түрінде орнату керек.

5.4.5.3.11 Палаталық бөлімдер үй-жайын «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережесін және қолданыстағы нормативтік құжаттарды ескере отырып қарастыру керек.

5.4.5.4 Перинаталдық орталық, перзентханалар мен босану бөлімдері

5.4.5.4.1 Жеке перинаталдық орталық, перзентхана құрамына босану мен гинекологиялық бөлімдер, әйелдер консультациясы, сондай-ақ клиникалық-диагностикалық зертхана, рентген бөлімі, функционалдық диагностика бөлімі, орталық зарарсыздандыру бөлімі, дәріхана, қосымша қызметтер (тамақтану блогы, кір жуу, дезинфекциялау бөлімі), қызметтік-тұрмыстық үй-жайлар кіреді.

5.4.5.4.2 Аурухана құрамына кіретін акушерлік-гинекологиялық бөлімдер аурухана қызметтері: клиникалық-диагностикалық зертхана, рентген бөлімі, функционалдық диагностика бөлімі, орталық зарарсыздандыру бөлімі мен қосымша қызметтер.

5.4.5.4.3 Тиісті негіздеме кезінде перинаталдық орталық, перзентхана құрылымына гинекологиялық бөлім кіруі мүмкін. Бұл жағдайда оны жеке блокқа немесе жеке қабылдау бөлімі бар ғимарат бөлігіне орналастыру керек.

5.4.5.4.4 Босану бөлімдерін және перзентханаларды жобалаудың сәулеттік-жоспарлық ерекшеліктері төмендегідей үй-жай топтарына бөлінуі тиіс:

- қабылдау;
- босану бөлімі;
- ана мен баланың бірлесіп келу;
- шала туған және науқас балаларға арналған;

- жаңа туған нәрестелердің патология бөліміне арналған және туа біткен даму кемістігі бар балаларға арналған;

- жүктілік патология бөлімі;

- ауруханадан шығару.

5.4.5.4.5 Босану бөлімінде босануды қабылдауға арналған және акушерлік араласуға арналған блок, сондай-ақ операциялық блок немесе акушерлік операцияларға арналған операциялық блок бөлінеді.

5.4.5.4.6 Босану бөліміндегі жеке босану палаталарының саны медициналық қызметкерлерді қамтамасыз ету мүмкіндігін ескере отырып анықталады.

5.4.5.4.7 Босанушы әйел мен жаңа туан сәби бірге жататын босанғаннан кейінгі палаталар саны мекеменің ерекшелігі мен сыйымдылығы нәтижесінде анықталады.

5.4.5.4.8 Жүктілік патология бөліміндегі босану стационарында перинаталдық диагностика кабинетін қарастыру керек.

5.4.5.4.9 Гинекологиялық бөлім хирургиялық бөлім түрі бойынша орналастырылады және оның құрамында: дербес қабылдау бөлімі және ауруханадан шығару үй-жайы, палата бөлімі, операциялық блок, қарқынды терапия палаталары және операциядан кейінгі палата, ішкі қуыс процедураларын жасауға арналған кабинеттер және т. б. бар.

Гинекологиялық бөлім босану бөлімдерінен толықтай оқшауланыу тиіс.

5.4.5.4.10 Қабылдау бөліміндегі босанушы әйелдің жеке гигиенасы, босану блогы және жүктілік патологиясының үй-жайында санитарлық торап пен иілмелі шлангасы бар душ қарастырылуы тиіс.

5.4.5.4.11 Босану блогының санитарлық үй-жайын босану, алайда оның құрамындағы емес палатаға тікелей жақын орналастыру қажет.

5.4.5.4.12 Жаңа туған сәбилерге арналған қарқынды терапия палаталары және реанимация жеке жобалануы және өз құрылымында бокстық палаталар, шағын операция боксы болуы тиіс.

Босану бөлімінде орналасқан қарқынды терапия палаталарының терезелерінде перделер болуы тиіс. Жаңа туған сәбилерге арналған реанимация бөлімі босану бөлімінде қарастырылады.

5.4.5.4.13 Жаңа туған сәбилерге ауыстырып қан құюға арналған шағын операция бөлімі босану бөліміне орналастырылады.

5.4.5.4.14 Шала туған және жаңа туған сәбилер патологиясы бөлімінде (секцияларда) жаңа босанған әйелдерге арналған палаталар қарастырылуы тиіс.

5.4.5.4.15 Ірі перзентханалардың жаңа туған сәбилер бөлімінің медбике постылары бір-бірінен оқшау және санитарлық бөлмелерден барынша алыс болуы тиіс.

5.4.5.4.16 Перинаталдық орталықтарда, перзентханаларда және босану бөлімдерінде қызметкерлерге арналған бөлме қарастырылуы тиіс.

5.4.5.4.17 Ауруханадан шығару және күту үй-жайлары келушілерге арналған вестибюль жанында орналастырылуы тиіс.

5.4.5.5 Операциялық блоктар

5.4.5.5.1 Операциялық блоктың жоспарлау шешімінің негізіне мынадай ішкі кеңістікті аймақтарға бөлу жатуы тиіс: зарарсыздандыру (операциялық), қатаң режимді

(наркоз, операция алдындағы, стерильдік материалдарды сақтау үй-жайы), шектеулі режим (қызметкерлер, аппаратураны және құралдарды және басқаларды өңдеу үй-жайы), жалпы ауруханалық үй-жай (операция бөлімі меңгерушісінің, аға медбике кабинеті және басқалар), жаңа босанған әйел серіктесіне арналған.

5.4.5.5.2 Операциялық блоктағы операция бөлмелерінің санын хирургиялық бөлімдер құрылымына, көлеміне және саласына, хирургиялық белсенділікке, операцияның күрделігі мен ұзақтығына, операция жасалатын науқастың аурухана төсегіне жату уақытына, операциялық күндер санына және тағы да басқаларға байланысты қабылдау керек.

5.4.5.5.3 Операциялық үстелдер саны мен мамандандырылған операциялық блоктағы операциялық бөлмелер типін ауруханалық құрылымдық бөлімшелер типі мен қуаттылығына байланысты қабылдау керек.

5.4.5.5.4 Операциялық блоктың септикалық бөліміндегі операциялық бөлмелердің саны жергілікті жағдайларға (іріңді патологиясы бар төсектер санына) байланысты қабылданады.

5.4.5.5.5 Операциялық блоктың сәулеттік-жоспарлық шешімі оны өтпейтін асептикалық және септикалық бөлімдерге бөлуді және оның үй-жайларын келесі: стерильді, қатаң, шектелген және жалпы аурухана режимдері аймақтарына функциональды бөлуге сәйкес тиімді аймақтандыруды қамтамасыз етуі тиіс.

5.4.5.5.6 Қосымша үй-жайлар, медициналық қызметкердің демалу бөлмелері, санитарлық өткізу орындары мен қолжуғыштар саны денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес болуы керек.

5.4.5.5.7 Палата бөлімдерінен, баспалдақ-лифт холдарынан және басқа үй-жайлардан операциялық блокқа ауа салмағының түсу мүмкіндігін болдырмау үшін көрсетілген үй-жайлар және операциялық блок арасына ауаны тіреу арқылы шлюзді орнату керек.

5.4.5.5.8 Операциялық блок үй-жайын «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережесінің талаптарын ескере отырып қарастыру керек.

5.4.5.6 Анестезиология және реанимация, реанимация және қарқынды терапия бөлімдері

5.4.5.6.1 Анестезиология және реанимация, реанимация және қарқынды терапия бөлімдері аурухананың палата бөлімдерінен түскен науқастарға арналған және ауруханаға қабылдау бөлімі арқылы түскен науқастарға арналған бөлімшелерден тұруы тиіс.

5.4.5.6.2 Бөлімге кіретін баспалдақтарды, лифтілер мен көтергіштерді өздігінен сорып шығаратын шлюзбен жабдықтау керек.

5.4.5.6.3 Анестезиология және реанимация, реанимация және қарқынды терапия үй-жайы, қосалқы үй-жайлар, медициналық қызметкерлердің демалу бөлмелері, санитарлық өткізу орындары және қолжуғыштар «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережесіне сәйкес қабылдануы тиіс.

5.4.5.6.4 Хирургиялық реанимация бөлімінің кіре берісінде қызметкерлерге арналған санитарлық өткізу орындарнын қарастыру керек. Қарқынды терапия секциясына кіре

берістерде, оның ішінде шлюздерді баспалдақтардан, лифтілерден және көтергіштерден қарастыру керек.

5.4.5.6.5 Реанимациялық көмек көрсету және кардиологиялық, неврологиялық (ми-қан айналымы қатты бұзылған науқастарға арналған), күйік шалған, токсикологиялық науқастарға қарқынды терапия жүргізу үшін мамандандырылған реанимация және қарқынды терапия бөлімдері қарастырылуы мүмкін. Тиісті профильдегі тікелей палата бөлімдері жанында қарқынды терапия секциялары қарастырылуы мүмкін. Кардиологиялық бөлімнің жанында кардиологиялық реанимация бөлімі болмаған жағдайда қарқынды терапия блогын (палаталарын) құру қарастырылады.

5.4.5.6.6 Емдеу ұйымында іріңді хирургия бөлімі болған жағдайда, реанимация және қарқынды терапия бөлімінің құрамында жеке палата бөлігі немесе іріңді инфекциялы науқастарға арналған оқшауланған палата бөлінеді.

5.4.6* Мамандандырылған емдеу-диагностикалық бөлімшелері (үй-жайлар)

5.4.6.1 Стационар науқастары үшін, сондай-ақ емхана бөлімінің науқастарын консультативтік қабылдау үшін қолданылатын мамандандырылған емдеу үй-жайларын стационарлық бөлімдерге және емханаға байланысты қолайлы орналастыру керек.

5.4.6.2 Психиатриялық және наркологиялық емдеу ұйымдарының, қалпына келтіру емдеу стационарлардың және емхана орталықтарының, сонымен қатар ірі көп салалы ауруханалар құрамына психотерапиялық кабинеттерді қарастыру керек.

5.4.6.3 Зертхана бөлмесін дәрігер кабинетінің жанына, бірақ одан оқшау орналастыру керек.

5.4.6.4 Сараптама үй-жайының жанында алкогольдік қозу жағдайындағы тексерілушінің уақытша келуіне арналған изолятор қарастырылуы керек.

5.4.6.5 Палата бөлімдерін зертхана үстіне және астына орналастыруға жол берілмейді.

5.4.6.6 Клиникалық-диагностикалық зертхана, функционалдық диагностика үй-жайы, физиотерапия бөлімі, қуаттылығы әртүрлі амбулаториялық-поликлиникалық ұйымдарға арналған және стационарларға, қызметтік және тұрмыстық стационарларға арналған орталық стерильдеу бөлімі «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережесінің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5.4.6.7 Микробиологиялық топтың үй-жайы қалған топтардың үй-жайларынан оқшауланы тиіс; талдауларға арналған материалдардың түсуін көшеде, оқшау ұйымдастыру керек.

5.4.6.8 Барокамераларға арналған үй-жайларды жобалау барысында медициналық барокешендерге қойылатын талаптарды сақтау керек.

5.4.6.9 Барокамераларды орналастыру тікелей күн сәулесінің әйнектелген ойықтарға түсу мүмкіндігін болдырмауы тиіс; оларды перделеуді мақсатты түрде қарастыру керек.

5.4.6.10 Диагностикалық кабинеттерде оларды экрандау шараларын қарастыру керек.

5.4.6.11 Диагностикалық кабинеттерде төмендегідей талаптарды қамтамасыз ету қажет:

- ауа баптау;

- электр экранын жерге тұйықтар арқылы орнату (оның ішінде терезелердің алдында электр беріліс желілері болған жағдайда оларды экрандау);

- жоғары шудан қорғау;

- дірілді кедергілерді жою;

- терезелерді перделеу.

5.4.6.12 Термодиагностика кабинетінде келесілерді қарастыру қажет:

- сору шкафын орнату;

- науқастардың бейімделуіне арналған кабиналар.

5.4.6.13 Гемодиализ бөлімі өтетін жол болмауы тиіс. Созылмалы гемодиализге арналған бөлімдегі амбулаториялық науқастарға арналған үй-жайларды дербес аймаққа бөлу керек.

5.4.6.14 Инфекциялық ауруханалардағы гемодиализды жүргізуге арналған үй-жайларды науқастарға арналған бокстар жанына орналастыру керек.

5.4.6.15 Жуу-монтаждау және ерітінді-минералсыздандыру диализ залына немесе операциялық-диализге жақын орналасуы керек.

5.4.6.16 Эндоскопиялық бөлімнің құрамында төмендегідей кабинеттер қарастырылуы тиіс:

- эзофаго-, гастро-, дуоденскопия;

- ректо-колоноскопия;

- бронхоскопия;

- эндоскопиялық операциялық бөлме.

5.4.6.17 Эндоскопиялық бөлімдерді (кабинеттерді) жобалауды эндоскопиялық зерттеулерге және емдеу-диагностикалық процедураларға кеткен бекітілген уақыт нормаларын ескере отырып жүзеге асыру керек.

5.4.6.18 Ауруханалардағы эндоскопиялық бөлімді палата бөлімдеріне жақындатып орналастыру керек.

5.4.6.19 Аурухана құрылымында жедел медициналық көмек болған жағдайда, эндоскопиялық бөлімді қабылдау бөліміне жақын орналастырылуы керек.

5.4.6.20 Эндоскопиялық орталық қызметін орындайтын емханадағы эндоскопиялық бөлім кабинеттер мен үй-жайларды толықтай іріктеуден тұруы тиіс (эндоскопиялық операциялық кабинетті қоспағанда).

5.4.6.21 Қалпына келтіру емдеу бөлімінде стационар науқастарына арналған және емхана келушілеріне арналған жалпы кабинет қарастырылуы тиіс.

5.4.6.22 Қалпына келтіру емдеу кабинеттерін іріктеу емдеу ұйымының қуаттылығын, бөлімдер саласын ескере отырып анықталуы тиіс.

5.4.6.23 Медициналық оңалту бөлімінің құрамына физиотерапия және емдік дене шынықтыру бөлімдері кіруі тиіс.

5.4.6.24 Физиотерапия және емдік дене шынықтыру бөлімдерінде палата бөлімдерімен қолайлы байланыс болуы тиіс. Осындай бөлімдер үшін стационар және емхана науқастарының ағымдарын бөлуді қамтамасыз ету керек (бөліп жайластырылған кіре берістер, дербес күту орындары, үй-жайды әр уақытта қолдану).

5.4.6.25 Физиотерапия бөлімінде «құрғақ» (электрмен, жарықпен, жылумен емдеу кабинеттері) және «ылғалды» аймақты (сумен емдеу, балшықпен емдеу) бөлу керек.

5.4.6.26 Балшықпен емдеуге, күкіртсутекті және радон ванналарына арналған үй-жайларды палата бөлімдерінің тікелей астына орналастыруға жол берілмейді.

5.4.6.27 Барлық металл аспаптар мен заттар қорғаныстық жерге тұйықтауға жатады. Кабиналардың металл конструкцияларын қабырғалар және еденнен оқшаулау керек.

5.4.6.28 Электрлік ұйықтау кабинетін дыбыс оқшаулау талаптарын ескере отырып орналастыру керек. Кабинетте бақылауға арналған қарау терезесі бар өтпелі аппараттық болуы тиіс. Сонымен қатар жарық пен дыбыстан қорғайтын перделерді қарастыру керек.

5.4.6.29 Балалар емдеу-профилактикалық ұйымдарында, емханаларда және профилакторияларда топтық процедураларға арналған фотариийді қарастыру керек.

5.4.6.30 Рефлексотерапия кабинеті реттік нөмірлермен белгіленген жеке кабинеттерге орналастырылатын дәрігер және процедуралық кабинеттен – іргелес-оқшауландырылған үй-жайлардан тұруы тиіс. Креслоларға және кушеткаларға орналасқан науқастарға қызметкердің екі жағынан жақындау мүмкіндігін қарастыру керек.

5.4.6.31 Жылумен емдеу кабинеті парафин және озокеритоемдеу процедураларын жүргізуге арналған. Кабинет жанында сору-тарту шкафымен жабдықталған, парафин мен озокеритті жылытуға арналған қосалқы үй-жайды қарастыру керек.

5.4.6.32 Жылумен емдеу кабинетінің едені линолеуммен жабылуы тиіс.

5.4.6.33 Омыртқаны созуға арналған үй-жайдың жанына кушеткалармен жабдықталған демалу бөлмесін орналастыру керек.

5.4.6.34 Балшықпен емдеу залы жеке кабиналардан және оларға жалғасатын киім ілуге арналған кабиналар бар душ кабиналарынан тұруы тиіс. Науқастардың киім ілуге және душқа арналған кабиналар арқылы кіруі қарастырылған.

5.4.6.35 Электр балшықты процедуралар үшін электр жарықпен емдеу үй-жайларына қойылатын талаптарды сақтай отырып, балшықпен емдеу үй-жайының құрамында жеке оқшауланған үй-жай қарастыру керек.

5.4.6.36 Балшықтарды сақтау үшін тек таза балшықты қолдану үшін есептелген бірнеше бассейнді қарастыру керек.

5.4.6.37 Еңбек терапиясы үй-жайлары медициналық ұйымдардың (бөлімдердің) қалпына келтіріп емдеу бөлімінің құрамында қарастырылған, еңбек терапиясы психиатриялық, наркологиялық емдеу процесінің бөлігі болып табылады.

5.4.6.38 Үй-жайлар құрамы жұмыс орындарының санына және еңбек терапия түріне байланысты анықталады.

5.4.6.39 Қан құю бөлімін инфекциялық бөлімдерден және қосымша қызметтерден (асхана, кір жуу орны, қазандық) мүмкіндігінше алыс жеке ғимарат шетіне орналастыру керек.

5.4.6.40 Қан құю бөлімінің қуаты қан компоненттерінің және препараттарының қажеттілігіне байланысты анықталады, ол өз кезегінде емдеу-профилактикалық мекемелер түріне, палата бөлімдерінің профиліне және олардағы төсектер сыйымдылығына, сонымен қатар емдеу-профилактикалық мекемеге «жедел жәрдеммен» жеткізілген науқастар мен зардап шегушілерге медициналық көмек көрсету көлеміне байланысты.

5.4.6.41 Қан құю бөлімін бұрынғы инфекциялық корпустарға, санитарлық-эпидемиологиялық станцияларға, сот-медициналық және патология-анатомиялық бөлімдерге орналастыруға тыйым салынады.

5.4.6.42 Қан құюда жоғары қажеттілікке ие перзентханаларда, ірі көп салалы ауруханаларда, хирургия орталықтарында және басқа емдеу мекемелерінде аутодонор орталықтарын (бөлімшелерді) мақсатты түрде қарастыру керек, бұл үй-жайлардың құрамы қан құю бөлімімен салыстырғанда қысқартылуы мүмкін. Осы ұйымдарда қан құю бөлімдері болған жағдайда, аутодонор қанын тапсыру тікелей қан құю бөлімінде жүргізіледі.

5.4.6.43 Сәуле диагностикасы бөлімін жобалау барысында құрылғының санитарлық ережелерін, сәуле диагностика кабинеттерін пайдалануды және медициналық рентгенологиялық процедураларды жүргізуді басшылыққа алу керек.

5.4.6.44 Ауруханаными және емханалардың рентгенодиагностикалық кабинеттерін инфекциялық, туберкулез және акушер бөлімдерінің жанындағы кабинеттерді қоспағанда, сәуле диагностика бөліміне біріктіру керек.

5.4.6.45 Стационар науқастары үшін және емханаға келушілер үшін сәуле диагностиканың жалпы бөліміне кіретін есіктер бөлек болуы тиіс. Бөлімде өтетін жол болмауы тиіс.

5.4.6.46 Рентген сәулесін түсіруге арналған рентген кабинетінің процедура бөлмесінде жарықтан қорғайтын құрылғылар қарастырылуы тиіс.

5.4.6.47 Рентген кабинеттерін балаларға және жүкті әйелдерге арналған палаталарға іргелес немесе олардың үстіне, сонымен қатар ылғалды процесті үй-жайлар астына орналастыруға жол берілмейді.

5.4.6.48 Жалпы зерттеуге арналған кабинет құрамында процедуралық, басқару бөлмесін және фотозертхана қарастыру керек.

5.4.6.49 Процедуралық, көшірме және фотозертханаларға және дәрігер кабинеттеріне салқын және ыстық су бар қолжуғыштарды орнату керек.

5.4.6.50 Сәуле терапиясының бөлімін жеке ғимаратқа немесе емдеу-диагностикалық корпустың оқшауланған бөлігіне орналастыру керек.

5.4.6.51 Қашықтықтан сәулемен емдеу, рентгенотерапия және ішкі қуысты аппаратуралық гамма-терапияның процедуралық кабинеттеріне кіретін есік басқару бөлмесі арқылы болуы тиіс.

5.4.6.52 Иондаушы сәулелердің радиоактивті көздерін қабылдау және белгіленген белсенділік деңгейіне дейін сақталған радиоактивті қалдықтарды жою үшін жеке сыртқы есік қарастыру керек.

5.4.6.53 Жұмысқа қолданбайтын радиоактивті көздер арнайы алыстатылған жерлерде немесе жабдықталған қоймаларда сақталуы тиіс. Қоймадағы радионуклидтердің белсенділігі санитарлық паспортта көрсетілген мәндерден аспауы тиіс.

5.4.6.54 Ашық радиоактивті көздермен жұмыс жүргізілетін үй-жайларда ыстық сумен жабдықтау болуы міндетті. Су құбыры және канализация өнеркәсіптік кәсіпорындарды жобалаудың санитарлық нормаларына сәйкес орындалуы тиіс.

5.4.6.55 Сәулемен емдеу бөлімі үй-жайының құрамы мен ауданы жұмыс орындарының санына және емдеу мекемесінің түріне байланысты.

5.4.6.56 Радиоизотопты диагностика зертханасын жобалау қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.4.6.57 Радиоизотопты диагностика зертханасына стационар және емхана бөлімінің науқастарына арналған кіре берістер бөлек болуы тиіс. Радиоизотопты диагностика зертханасында әрі-бері өтетін бөлме болмауы тиіс.

5.4.6.58 Қысқа өмір сүретін изотоптарының генераторы бар процедуралық бөлме гамма-камераға арналған үй-жайға жақын болуы тиіс.

5.4.6.59 Ашық радиоактивті көздермен жұмыс істеуге арналған барлық үй-жайларда жұмсақ жиһазды қолдануға жол берілмейді.

5.4.6.60 Патологоанатомиялық бюроны және патологоанатомиялық бөлімді жеке ғимаратқа орналастыру керек. Патологоанатомиялық корпустарды шаруашылық аймағына орналастырылған ғимараттарға, тамақ дайындауға және өнімдерді сақтауға арналған ғимараттарға қатарластырып орналастыруға жол берілмейді.

5.4.6.61 Патологоанатомиялық бюроның және патологоанатомиялық бөлімнің қуаттылығы жобалау сәтіндегі мәліметтерге сәйкес биопсия және операциялық материалдарды ашу және зерттеу санымен анықталады. Ашу және көп салалы ауруханалардағы, әсіресе биопсия зерттеулерінің саны бөлім саласына байланысты.

5.4.6.62 Патологоанатомиялық бюроның және патологоанатомиялық бөлімнің үй-жай ауданы дәрігер-патологоанатомдардың санына есептеледі.

5.4.6.63 Дәрігерлер саны биопсия және ашу санын ескере отырып, палата бөлімдерінің құрылымына сүйене отырып анықталады.

5.4.6.64 Сот-медицина сараптама үй-жайының ауданы сот-медицина сарапшыларының санына есептеледі.

5.4.6.65 Дәрігерлер саны сараптама және зерттеулер санын ескере отырып анықталады.

5.4.6.66 Орталық зарарсыздандыру бөлімінің барлық үй-жайлары стерильдік емес және стерильдік аймақтарға бөлінуі тиіс.

Стерильдік аймаққа: зарарсыздандыру бөлімінің стерильді жартысы - автоклав, стерильді материалдар қоймасы, экспедиция жатады. Басқа барлық үй-жайлар стерильдік емес аймаққа жатады. Стерильдік аймақ үй-жайына тек санитарлық өткізу орны арқылы кіруге жол беріледі.

5.4.6.67 Дезинфекциялық бөлімнің барлық үй-жайлары жұқпалы заттармен жұмыс жүргізіліп жатқан «лас» аймақтарға және дезинфекцияланған заттармен жұмыс жүргізіліп жатқан «таза» аймаққа бөлінеді.

Бөлімдерде дербес кіреберіс есіктер болуы тиіс: біреуі - қызметкер және дезинфекцияланған заттарды тапсыруға арналған, екіншісі – жұқпалы заттарды қабылдауға арналған.

5.4.6.68 Мамандандырылған кір жуу орындарымен бірнеше емдеу-профилактикалық ұйымдарды орталықтандырылған қызмет көрсету кезінде үй-жай құрамы мен ауданын тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорнын ҚР ҚН 3.02-08 талаптарына сәйкес қабылдау керек.

5.4.6.69 Дербес кір жуу орындары инфекциялық және мамандандырылған ауруханаларға міндетті.

5.4.6.70 Аурухананың кір жуу орнында жұқпалы және жұқпалы емес киімдерді қабылдау үшін дербес есіктер (акушерлік бөлімдер үшін жеке) және балалардың (емшектегі балаларды бөлу арқылы), акушерлік (жаңа туған сәбилерді бөлу арқылы),

инфекциялық, іріңді, хирургиялық және басқа бөлімдерден киімдерді өңдеудің технологиялық желісінің бөлек есіктерді қарастыру керек.

5.4.6.71 Хирургия саласындағы мамандандырылған стационарлардағы есептік көрсеткіш емдеу мекемесінің саласына байланысты анықталады.

5.4.6.72 ***(Алынып тасталды – ҚТҮКШІК 09.07.2021 ж. №98-НҚ бұйрық)***

5.4.6.73 Тағам дайындау қызметінің үй-жайлар кешенінде келесі функционалдық аймақтарды белгілеу керек:

- өндірістік (шикізатты өңдеу, жартылай фабрикаттарды дайындау, тағамды дайындау үшін);
- қойма (тағам өнімдерін, ыдыстарды сақтау үшін);
- тағамды үлестіру (буфет);
- әкімшілік-тұрмыстық.

5.4.6.74 Тағам блогын жобалаған кезде «Қоғамдық тамақтандыру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережесінің талаптарын сақтау керек.

5.4.6.75 Перзентханаларда, перинаталдық орталықтарда және балалар бар стационарларда (сүт қоспаларын дайындауға арналған қайта орталықтандырылған үй-жайлармен бірге) орталықтандырылған сүт блоктары ұйымдастырылады.

5.4.6.76 Ерлер дәретханасындағы писсуарлар саны унитаздар (еден үсті тостақтар) санына тең болуы тиіс. Дәретханада писсуарлар қарастыру талап етілмейді.

5.4.6.77 Ерлер дәретханасындағы писсуарлар саны унитаздар санына тең болуы тиіс.

5.4.6.78 Келушілерге арналған вестибюльдерге іргелес ауруханадан шығатын науқастардың кездесуіне арналған үй-жайды қарастыру керек.

5.4.6.79 Клиникалық кафедраларды жобалау барысында осы нормативтен басқа жоғары оқу орындарын және ғылыми-зерттеу мекемелерін жобалау бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарын басшылыққа алу керек.

5.4.6.80* Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының ғылыми-практикалық базалары клиникалық базалар, денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының клиникалары, университеттік ауруханалар, резидентура базалары болып табылады. ***(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 12.04.2023 ж. №62-НҚ бұйрық).***

5.4.6.80-1 Медициналық қызметтер көрсетілетін университеттік аурухананың құрылымдық бөлімшелерінде (олардың кем дегенде 90%) бейінді клиникалар (клиникалық кафедралар) құрылады. ***(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 12.04.2023 ж. №62-НҚ бұйрық).***

5.4.6.81 Клиникалық кафедралардың барлық үй-жайларын функционалдық мақсаты бойынша қызметкерлерге арналған үй-жайларға, оқу, дәріс алу, ғылыми-зерттеу, қосымша және тұрмыстық үй-жайларға бөлуге болады. Кафедралық блокта емдеу процесінде оқытушылар мен студенттердің қатысуына байланысты ең аз үй-жайлар қарастырылатын аурухананың басқа бөлімшелерімен қолайлы байланыс болуы тиіс.

5.4.6.82* Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының ғылыми-практикалық базалары болып табылатын денсаулық сақтау ұйымдарын жобалау кезінде әдеттегі емдеу-профилактикалық ұйымдарда көзделетін үй-жайлармен қатар клиникалық кафедралардың жұмысын ұйымдастыру үшін қосымша үй-жайларды қосу қажет. ***(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 12.04.2023 ж. №62-НҚ бұйрық).***

5.4.6.83* Әрбір нақты клиникалық кафедраға арналған үй-жайлардың тізбесі мен жиынтығы денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының ғылыми-практикалық базаларының түрлеріне, кафедра мен факультеттің бейініне, студенттер мен оқытушылар санына, оқыту әдістеріне, ғылыми зерттеулердің бағытына байланысты айқындалады. ***(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 12.04.2023 ж. №62-НҚ бұйрық).***

5.4.6.84* Университеттік ауруханаларды қоспағанда, денсаулық сақтау ұйымдарында кафедра ассистенттері үшін орындар қарастырылуы керек, өйткені олар педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар тиісті мамандық дәрігерлерінің емдеу-алдын алу жұмыстарын орындайды. ***(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 12.04.2023 ж. №62-НҚ бұйрық).***

5.4.6.85 Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының ғылыми-практикалық базаларын жобалау кезінде әрбір бөлімшеде оқу бөлмесі көзделсін. ***(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 12.04.2023 ж. №62-НҚ бұйрық).***

5.4.6.86 Ғылыми-зерттеу зертханаларының саны мен ауданы жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес технологиялық шешімдерді ескере отырып, зерттеулер жүргізу үшін қажетті ғылыми зерттеулердің түрлеріне, ғылыми қызметкерлердің санына, пайдаланылатын жабдыққа, арнайы қолдау және бақылау жүйелеріне байланысты айқындалады. ***(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 12.04.2023 ж. №62-НҚ бұйрық).***

5.4.6.87 Симуляциялық орталықтың барлық үй-жайларын функционалдық мақсаты бойынша әкімшілік аймаққа, стандартталған пациент аймағына және арнайы дағдыларды пысықтауға арналған зертханаға бөлуге болады. ***(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 12.04.2023 ж. №62-НҚ бұйрық).***

5.4.7 Жедел медициналық көмек пен санитарлық авиацияны ұйымдастыру

5.4.7.1 Жедел медициналық көмек станциясы мен шағын станцияның және санитарлық авиация құрамына төмендегілерді қарастыру керек:

- тәулік бойғы кезекшілік кезіндегі қызметкердің демалу үй-жайы – ерлер мен әйелдер үшін жеке;
- тұрмыстық үй-жайлар;
- буфет.

5.4.7.2 Тікелей станцияға (шағын станцияға) жүгінген науқастарға жедел көмек көрсету үшін емдеу үй-жайларының тобын (процедуралық, таңу және басқалары) қарастыру керек.

5.4.7.3 Санитарлық автомашиналардың кіру және шығу жолдары бөлек қарастырылуы тиіс.

5.4.7.4 Жедел көмек автомашиналары мен санитарлық авиацияның есептік санын ҚР ҚН 3.01-01 талаптарына сәйкес қабылдау керек.

5.4.7.5 Санитарлық авиацияның авиациялық құралдарына арналған тіқұшақ алаңдарын ҚР ҚН 3.03-19 және қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес қарастыру керек.

5.4.7.6 Санитарлық автомашиналар гараждары мен тұрақтарын автомобильдер тұрақтарын жобалау бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес жобалау керек.

5.4.7.7 Жедел көмек станциясы мен санитарлық авиациядан шығатын үй-жай блогына төмендегілер кіреді:

- диспетчер;
- құжаттарды толтыру бөлмесі;
- демалу бөлмесі бар ауысымның аға дәрігерінің кабинеті;
- шығу бригадаларының мүліктерін жиынтықтау және сақтау үй-жайы;
- киімді кептіру және аяқ-киімді жуу үй-жайы.

5.4.7.8 Анықтама, науқастарға көмек көрсету, қызметкерлердің киім сақтау орны үй-жайларын вестибюльмен іргелес орналастыру керек.

5.4.7.9 Жедел медициналық көмек станциялары жедел медициналық көмектің шағын станцияларымен, ауруханалармен, өрт қызметімен, милициямен, апатты газбен тікелей шұғыл байланысты қамтамасыз етуі тиіс. Диспетчерлер-эвакуаторлар желідегі санитарлық көлік құралдарымен радиобайланыспен қамтамасыз етілуі тиіс.

5.4.7.10 Жедел бөлім үй-жайлары, шақыруға шығатын қызметкерлердің демалу бөлмелері, шақыруға шығатын желілік және мамандандырылған бригадалар бөлмелері және шұғыл медициналық көмек станциялары жүргізушілерінің демалу бөлмелері тікелей дауыс зорайтқыш байланыспен жабдықталуы тиіс.

5.4.7.11 Жедел медициналық көмек станцияларындағы бас дәрігердің, жедел бөлім бөлімшелері басшыларының үй-жайлары, шақыруға шығатын қызметкерлердің демалу бөлмелері, шақыруға шығатын желілік және мамандандырылған бригадалар бөлмелері және жедел медициналық көмек станциялары жүргізушілерінің демалу бөлмелері жарық сигнализациясымен жабдықталуы тиіс.

5.4.7.12 Жедел медициналық көмек станциялары (шағын станцияларында) мен санитарлық авиацияда санитарлық көліктің кіру және шығу жолдарын бақылау жүйесі қарастырылуы тиіс.

5.4.8 Қан орталығы

5.4.8.1 Қан орталығы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- донор кадрларын жиынтықтау;
- донорларды тексеру;
- қанды, оның компоненттерін және препараттарды дайындау;
- дайындалған қанды тестілеу;
- қан компоненттерін мұздатылған түрінде ұзақ мерзімге сақтау;
- медициналық ұйымдарды қан компоненттерімен, препараттармен және диагностикалық стандарттармен қамтамасыз ету;
- компоненттерді сақтау, тасымалдау және қан тобын және резус қатарына жатуын анықтау бойынша иммуногемотологиялық тексерулерді жүргізуге қолдану мәселелері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік жұмысты жүргізу;
- шикізат пен материалдың қан орталығына түсуін бақылау;
- дайын өнімді бақылау;
- материалдар мен ерітінділерді дайындау.

5.4.8.2 Қан орталығын жеке тұрған ғимараттарға орналастыру керек.

5.4.8.3 Қан орталығының құрамы қуатына байланысты ұйымның ерекшелігіне сәйкес анықталады.

5.4.8.4 Операциялық блок аймағында плазмаферез және оның компоненттерін алу процесінде донорлардың қан плазмасын өңдеу жүргізілетін қанды фракциялау аймағын белгілеу керек. Осы аймақта бөлінеді:

- центрифугалауға арналған үй-жай;
- қанды фракциялау және плазманы ажыратуға арналған бокстар;
- белгілі температура режимінде компоненттерді сақтауға арналған үй-жай.

5.4.8.5 Бокстар операциялық блок үй-жайлары болып табылады және аса жоғары зарарсыздықты қамтамасыз етуді талап етеді.

5.4.9 Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың (медициналық ұйымдар үшін) айналысы саласындағы объектілер

5.4.9.1 Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы (медициналық ұйымдар үшін) қолдану саласындағы объектілер үй-жайлардың түрі, қуаты және құрамы «Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ереженің талаптарына сәйкес анықталуы тиіс.

5.4.9.2 Дәріханаларды, улы және күшті әсер ететін дәрілерді, сондай-ақ есірткі дәрілік құралдарды және психотропты заттарды сақтау үй-жайларын жобалау барысында қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жабдықтау керек.

5.4.9.3 Технологиялық процесс барысына сәйкес рецептуралық бөлмені қызмет көрсету бөлмесіне іргелес орналастыру керек. Қызмет көрсету бөлмесін экспедициялық бөлмеге жақындату керек.

5.4.9.4 Жабдықта, жиһаз, керек-жарақта жуғыш және дезинфекциялаушы құралдарға төзімді материалдардан орындалған гигиеналық жабыны болуы тиіс.

5.4.9.5 Зарарсыздандырған материалдарды сақтауға, дәрілік түрлерін асептикалық талаптарда дайындауға арналған үй-жайларда құбырлар мен арматураның жасырын төсемі қарастырылады.

5.4.9.6 Алғашқы медициналық-санитарлық, консультативтік-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәріханалық пункттер тек медициналық ұйымдар жанына немесе олардың аумақтарына орналастырылады:

а) оқшауланған үй-жайларда;

б) үй-жай ішіндегі оқшауланған блокқа. Келушілерге қызмет көрсету аймақтары негізгі объектіде тиісті алаң болғанда және қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер талаптарын сақтаған жағдайда, оқшауланған блок үй-жайынан тыс орналасуы мүмкін.

5.4.10 Балалар сүт асханалары, сүт асханаларының үлестіру пункттері

5.4.10.1 Балалар консультациясы бар кешенде балалар сүт асханаларында сүт асханаларына арналған жеке есіктер болуы тиіс.

5.4.10.2 Сүт асханаларын жертөле және жартылай жертөле қабаттарына орналастыруға рұқсат етілмейді.

5.4.10.3 Сүт асханаларында өндірістік және тұрмыстық канализацияның бөлек желілерін қарастыру керек.

5.4.10.4 Жуу ваннасына ыстық және суық су жүргізілуі тиіс.

5.4.10.5 Балалар сүт асханаларының өндірістік үй-жайлары технологиялық процестердің тасқындылығына сәйкес орналасуы тиіс.

5.4.10.6 Өндірістік және қосымша үй-жайларды қолдану және пайдалануға, балалар сүт асханалары үй-жайларының құрамы мен аудандарына қойылатын талаптарды қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер талаптарын ескере отырып қабылдау керек.

5.4.10.7 Балалар сүт асханасының өндірістік үй-жайларында қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес тікелей табиғи және жасанды жарықтандыру болуы тиіс.

Тағам өнімдерін қаттау немесе өңдеу орындарының үстінде орналасқан өндірістік үй-жайлардағы электр шамдарда, сонымен қатар ыдыстарда шырақтар сынған жағдайда, әйнек сынықтарының түсуінен қорғанышы болуы тиіс.

5.4.10.8 Балалар сүт асханасының өндірістік үй-жайларында табиғи желдеткіштермен (фрамугалар, желкөздер және басқалар) қамтамасыз етілуі тиіс, ал дәнекерлеу және жуу цехтарында сору-тарту желдеткіші орнатылуы тиіс.

5.4.10.9 Балалар сүт асханасының өндірістік үй-жайларындағы едендер сырғанамайтын, сүт өнімдерінің әсеріне қарсы орнықты, су өтпейтін, беті тегіс болуы тиіс.

5.4.11 Медициналық газдар, вакуум желісінің және сығылған ауа құбырлары

5.4.11.1 Медициналық оттегімен, медициналық азоттың шала тотығымен, көмірқышқыл газбен, сығылған ауамен жабдықтау және емдеу-профилактикалық мекемелердегі тұтынушыларды вакууммен қамтамасыз ету орталықтандыру арқылы қарастырылады.

5.4.11.2 Көмірқышқыл газын ванна залына жеткізу қарастырылады.

5.4.11.3 Сығылған ауаны зертханаларға, ингаляторияға және ванна залдарына жеткізу қарастырылады.

5.4.11.4 Емдеу-профилактикалық мекемелерінде техникалық, медициналық сұйық және газ тәрізді оттегі құрылғысы бойынша қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес медициналық газ тәрізді және сұйық оттегі пайдаланылады.

5.4.11.5 Бос және толтырылған баллондарды сақтау жеке қарастырылуы тиіс.

5.4.11.6 Оттекті-газдалған станция сұйық оттегіні жеткізуге есептелінген.

5.4.11.7 Орталық пункт баллондарды түсіру және орналастыру үшін механикаландыру құралдарымен жабдықталады.

5.4.11.8 Оттекті-газдалған станция бөгде адамдардың қатынауына жол бермейтін тиісті қоршаулары бар шатыр астындағы ашық алаңға орналасады.

5.4.11.9 Оттегі құбырларының сыртқы желілері орларды топырақпен міндетті түрде жабу арқылы орларға төселеді.

5.4.11.10 Оттегі құбырлары автомобиль жолдарын, өтетін жолдарды және басқа инженерлік құрылыстарды кескен жағдайда, жерасты оттегі құбырларында қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес қысымсыз құбырлар үшін асбоцементті құбырлардан жасалған қаптарды қарастыру керек.

5.4.11.11 Оттегі құбырларының жерасты учаскелерінде арматураны және камера және құдық құрылғыларын орнатуға тыйым салынады.

5.4.11.12 Емдеу-профилактикалық мекемелерде құбырлардың әртүрлі жүйелерін (оттегіні, азот шала тотығын, көмірқышқыл газды, вакуумды, сығылған ауаны) жобалау барысында осы жүйелер құбырларын бірлесіп төсеуге тырысу керек.

Болат және шойын арматураны қолдануға жол берілмейді.

Оттегі құбырларын жертөлелерге, еден астына, ашық орларға, науаларға, тоннельдер мен арналарға, сонымен қатар ғимараттар мен құрылыстар астына төсеуге жол берілмейді.

5.4.11.13 Аражабын мен арақабырғалар арқылы өтетін орындардағы құбырлар учаскелерінде жік болмауы тиіс. Оттегі құбырларын желдету арналары арқылы төсеуге жол берілмейді.

5.4.11.14 Тұтынушыларды сығылған ауамен қамтамасыз ету үшін компрессорлық қондырғылар қарастырылады.

5.4.11.15 Оттегі, азот шала тотығы, көмірқышқыл газ, сығылған ауа құбырларын төбе (астыңғы жағынан жалғанған төбе) және есік ойықтары арасындағы қабырғалар бойынша, сонымен қатар арақабырғалар бойынша монтаждауға дейін ашық төсеу электр монтаждаушылармен келісіледі және құбырларды монтаждау санитарлық-техникалық және электрлік қондырғыларды монтаждау аяқталғаннан кейін ғана жүргізіледі.

5.4.12 Қоқыстарды, қалдықтарды жою және шаңды тазалау

5.4.12.1 Аурухана мен перзентхана ғимаратында лифтілер көмегімен ғимараттан тыс немесе ішіне жинау пунктіне жеткізілетін полимер материалдан жасалған қаптары бар қоқысты тазалаудың контейнерлік жүйесін қарастыру керек.

5.4.12.2 Медициналық емдеу мекемелерінде эмальданған, пластикті және фаянсты сауыттарды қолдану керек.

5.4.12.3 Медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға арналған контейнерлер және үй-жайлар қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер талаптарына сәйкес орналасуы және жабдықталуы тиіс.

5.4.12.4 Медициналық қалдықтарды тасымалдау қызметкер және қоршаған орта үшін қауіпсіз болуы тиіс және оны арнайы оқыған қызметкер жүзеге асыруы керек.

5.4.12.5 Жұқпалы болып табылатын медициналық ұйымдардың қалдықтары Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес қатты тұрмыстық қалдықтарды орналастыруға арналған полигондарға орналастыруға тиісті емес.

5.4.12.6 Медициналық қалдықтарды объектілер аумақтарында және мамандандырылған қондырғылардан тыс елді мекендерде өртеуге жол берілмейді.

5.4.12.7 Қалдықтарды жинау, сақтау, жою және көму «Өндіріс қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге және тұтынуға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ереже талаптарын ескере отырып, ал құрамында радиоактивті заттарды радиоактивті заттар мен иондаушы сәуле көздері бар жұмыстар ескерілетін қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

5.4.12.8 Ерекше (операциядан кейінгі, патологоанатомиялық және басқалар) аурухана қалдықтары арнайы пештерде міндетті орталықтандырылған өртелуі тиіс.

5.4.13 Крематорияларға қойылатын талаптар

5.4.13.1 Крематорияның рәсімді және қызмет көрсету құрамында келесідей үй-жайларды қарастыру керек:

- вестибюль, санитарлық тораптар, қосалқы және қосымша үй-жайлар бар топ;
- жерлеу (салттық) залы, шлюз, патологоанатом кабинеті, медициналық, қосалқы және қосымша үй-жайлары бар рәсімдік;
- бейімдеу бөлмесі және холл бар үй-жай шығатын топ;
- үй-жайдың көлік тобы.

5.4.13.2 Жерлеуге қатысушы адамдарға арналған үй-жайлар қызмет көрсету қызметкерінің жұмысына арналған үй-жайлардан оқшауланыу және олардан санторaптар және желдету камералар (желдету қондырғылары) үй-жайларын дыбыс өткізбеуді қамтамасыз етуі тиіс.

5.4.13.3 Крематорий ғимараттарының жанында ірі габаритті бөліктерді және басқа жабдықты сақтауға арналған қойма үй-жайлары бар шаруашылық аула қарастырылуы тиіс.

5.4.13.4 Крематорий құрамына кіретін барлық үй-жайларды механикалық себеппен сору-тарту желдеткіші жүйелерімен жабдықтау керек. Ауаны рециркуляциялау жүйесін қолдануға жол берілмейді.

5.4.13.5 Медициналық қалдықтарды зарарсыздандыру тәсілдері денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық қалдықтарын жинауға, зарарсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және жоюға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптармен анықталады.

5.5 Инженерлік қондырғылар

5.5.1 Сумен қамту және канализация

5.5.1.1 Емдеу-профилактикалық мекемелерінде шаруашылық-ауыз су, өртке қарсы және ыстық сумен қамтамасыз ету, су бұру және су ағарлар қарастыру керек, оларды ҚР ҚН 4.01-01, ҚР ҚН 4.01-03 сәйкес жобалау керек.

5.5.1.2 Шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету құбырлары Қазақстан Республикасында жол берілген материалдардан қарастырылады.

5.5.1.3 Қайта салынатын және реконструкцияланатын емдеу-профилактикалық мекемелері үшін ыстық сумен қамту жүйесі істен шыққанда немесе профилактикалық жөнделген жағдайда, резервті (апатты) ыстық сумен қамту болуы тиіс; қолданыстағы мекемелер үшін – апатты сумен қамту ретінде санитарлық өткізу орындарына, операция алдындағы және босандыру залдарына, процедуралық, жаңа туылған және балалар бөлімдеріне, ванна және санитарлық бөлмелерге, жуу, буфет, буфет-үлестіру, тамақ блоктарына және ерекше санитарлық-гигиеналық және санитарлық-эпидемиологияға қарсы режимді талап ететін басқа функционалдық үй-жайларға үздіксіз әрекет ететін су жылытқыштарды орнату керек.

5.5.1.4 Шаруашылық-ауыз мақсатындағы судың сапасы қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5.5.1.5 Гидропатия үй-жайлары үшін тұрақты шығыны және ағыны бар суық және ыстық су беру қамтамасыз етілуі тиіс.

5.5.1.6 Орталықтандырылған ыстық сумен қамту болмаған жағдайда, үздіксіз әрекет ететін су жылытқыштар орнатылады.

5.5.1.7 Психиатриялық ауруханалардың қол жуғыш және дәретхана үй-жайларында құбырлар мен жабу арматурасы науқастар үшін қол жетімсіз болуы тиіс.

5.5.1.8 Шаруашылық-ауыз су құбыры сорғыларын аурухана корпустарына орнату ҚР ҚН 4.01-01 талаптарына сәйкес жүзеге асуы тиіс.

5.5.1.9 Кір жуу орындарына және басқа да емдеу-профилактикалық мекемелеріне су шығынының нормасы қосымша ҚР ҚН 4.01-01 талаптарына сәйкес ескерілуі тиіс.

5.5.1.10 Инфекциялық ауруханалар (бөлімдер) және тері-венерологиялық диспансерлер (бөлімдер) санитарлық тораптарындағы қолжуғыштар мен унитаздардың су құю бөшкелері үшін су жіберуді басқышпен басқару қарастырылуы тиіс.

5.5.1.11 Ауруханалардағы тағамды дайындау қызметі ғимаратынан шығып тұратын жерлердегі өндірістік ағын суларды тазалау үшін ҚР ҚН 3.02-21 талаптарына сәйкес майтұтқыларды орнату (ғимарат сыртына) қарастырылуы тиіс.

5.5.1.12 Ваннамен немесе душпен жабдықталған үй-жайларда сүлгі кептіргіштерді қарастыру керек.

5.5.1.13 Балшықты процедуралар, балшықты асхана үй-жайларынан, ақжаймаларды, кенептерді, брезенттерді жуу және кептіру үй-жайынан және балшықтарды кептіруге және регенерациялауға арналған үй-жайлардан ағын суларды бұру арнайы жолдар арқылы (гидравликалық қақпақсыз) гидравликалық қақпақпен жабдықталған жиналатын балшық тұндырғышта жүзеге асуы тиіс.

5.5.1.14 Инфекциялық және туберкулез ауруханаларының (бөлімдерінің) ағын сулары сыртқы канализацияға түсер алдында зарарсыздандыруы тиіс.

Ағын суларды зарарсыздандыру үшін термиялық, радиациялық және басқа физикалық әдістерді қолдану арқылы орталықтандырылған жүйені қарастыру керек.

5.5.1.15 Инфекциялық, тері-венерологиялық және психиатриялық бөлімдер қолжуғыштарында термостатикалық алмастырғыш орнатуды қарастыру керек.

5.5.1.16 Су-балшықпен емдеу бөліміндегі душ кабиналары икемді шлангісі бар душ торымен жабдықталуы тиіс.

5.5.1.17 Радиологиялық корпустарға (бөлімдерге) ағын суларды қатерсіздендіру үшін арнайы құрылғыларды орнату қажеттілігі мекеменің саласына байланысты анықталуы тиіс.

5.5.1.18 Ваннаның емдік бассейндеріндегі сумен алмасу суды рециркуляциялау немесе таза ауаның үздіксіз ағыны арқылы қарастырылуы тиіс.

Су бассейнінің барлық жұмыс істеген уақыты ішінде біркелкі берілуі тиіс.

5.5.1.19 Бассейндердің су тазалау құрылыстары және олар бойынша конструктивтік шешімдері спорттық және дене шынықтыру-сауықтыру құрылыстарын жобалау бойынша нормативтер талаптарына сәйкес қабылдануы тиіс (ҚР ҚН 3.02-18 және қолданыстағы нормативтік құжаттар). Бассейндердің су тазалау құрылыстары ересектер мен балалар үшін жеке қарастырылуы тиіс.

5.5.1.20 Душ бөлмесінен айналма жолға (немесе қалқымаға) шығатын орында ағынды судың аяқ ваннасы болуы тиіс.

5.5.1.21 Емдік бассейндерге ағатын су қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес келуі тиіс.

5.5.1.22 Қан орталығы бөлімінің терапевт дәрігерлерінің, процедуралық және зертханаларда суды жеткізу және канализация болуы тиіс. Қан орталығы ғимаратында сумен қамтудың резервтік қоры болуы тиіс.

5.5.1.23 Емдік бассейндердің үй-жайларында суық және ыстық су жеткізетін суғару шүмектері қарастырылуы тиіс.

5.5.1.24 Мекеменің сумен қамтамасыз ету жүйелері:

а) суды тұтынушылардың есептік санынан сәйкес келетін және санитарлық-техникалық аспаптармен белгіленген көлемдерде адамның денсаулығы мен өмірі үшін қауіпсіз суды берумен қамтамасыз етуі тиіс;

б) жүйедегі ауыз судың ластануын болдырмауы тиіс;

в) жабдықтарда және құбырларда коррозия, тұздар қабаттарының түзілу мүмкіндігін және құбырлар мен жабдықтың биологиялық шөп басуын болдырмау керек;

г) санитарлық-техникалық және басқа қабылдау құрылғыларына қабылдау құрылғыларын пайдаланудың қалыпты шарттарымен қарастырылған қысыммен судың берілуін қамтамасыз етуі тиіс;

д) судың жылыстау мүмкіндігінің алдын алу;

е) ішкі және сыртқы өрт сөндіру мақсаттары үшін судың берілуін қамтамасыз етуі тиіс;

ж) адамдарға термиялық жарақат келтіру мүмкіндігін болдырмау.

5.5.1.25 Су бұру жүйесі:

а) ағын сулардың оқшауланыуына және жылыстауына жол бермеуі тиіс;

б) ғимараттың ішіндегі кеңістікті, қоршаған ортаны, сулы деңгейжиектерді және су ресурстарын ластамауы тиіс;

в) техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізу үшін пайдалану қызметінің және апатты қызметтердің қызметкеріне қатынауды қамтамасыз етуі тиіс;

г) топырақтың табиғи жылыстауымен ескертілген жүктемелер әрекетіне төзімділікті қамтамасыз етуі тиіс.

5.5.2 Жылумен қамту

5.5.2.1 Жылу пункттерінің қондырғыларын орналастыру медициналық мақсаттағы ғимараттың көлемдік-жоспарлық шешімдеріне қойылатын жалпы талаптарға сәйкес қарастырылады.

Бұл жағдайда шудан қорғау бойынша нормативтік талаптарды сақтау керек.

5.5.2.2 су жылытатын қазандары бар резервті қазандықтарда химиялық су тазарту және бак-аккумуляторлар қарастырылмайды.

5.5.2.3 Емдеу-профилактикалық мекемелер ғимараттарының жертөлелер және техникалық еден асты бойынша жылумен жабдықтаудың транзиттік құбырларын төсеуге жол берілмейді.

